ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Төмен вольтті тарату және басқару аппаратурасы. 4-1 бөлім ТҮЙІСТІРГІШТЕР МЕН ІСКЕ ҚОСҚЫШТАР Қозғалтқыштың электрмеханикалық түйістіргіштері мен іске қосқыштары

Аппаратура распределения и управления низковольтная Часть 4-1 КОНТАКТОРЫ И ПУСКАТЕЛИ Электромеханические контакторы и пускатели двигателей

ҚР СТ МЭК 60947-4-1-2011

IEC 60947-4-1:2009 Low-voltage switchgear and control gear - Part 4-1: Contactors and motor-starters - Electromechanical contactors and motor-starters (IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Төмен вольтті тарату және басқару аппаратурасы.

4-1 бөлім

ТҮЙІСТІРГІШТЕР МЕН ІСКЕ ҚОСҚЫШТАР

Қозғалтқыштың электрмеханикалық түйістіргіштері мен іске қосқыштары

ҚР СТ МЭК 60947-4-1-2011

IEC 60947-4-1:2009 Low-voltage switchgear and control gear - Part 4-1: Contactors and motor-starters - Electromechanical contactors and motor-starters (IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 «Мұнай және газ ақпараттық талдау орталығы» Акционерлік қоғамы және № 58 «Мұнай, газ, оларды өңдеу өнімдерін, мұнай және мұнай-химия және газ өнеркәсібіне арналған материалдарды, жабдықтарды және имараттарды» стандарттау жөніндегі техникалық комитеті **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2011 жылғы «24» қарашадағы № 642-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт Халықаралық IEC 60947-4-1:2009 Low-voltage switchgear and controlgear - Part 4-1: Contactors and motor-starters - Electromechanical contactors and motor-starters (Төмен вольтті тарату және басқару аппаратурасы. 4-1 бөлім. Түйістіргіштер мен іске қосқыштар. Қозғалтқыштың электрмеханикалық түйістіргіштері мен іске қосқыштары) стандартына сәйкес.

Халықаралық IEC 60947-4-1:2009 стандарты «Үйлестіру және басқару аппаратурасы» МЭК 17 халықаралық техникалық комитеттің «Төмен вольтті үйлестіру және басқару аппаратурасы» 17В шағын комитетпен әзірленді.

Стандарттың «Нормативтік сілтемелер» тарауында және мәтінінде сілтемелі халықаралық стандарттар өзектендірілді.

Мемлекеттік (мемлекетаралық) стандарттарының сілтемелі халықаралық стандарттарға сәйкестігі туралы мәлімет қосымша Д.А. қосымшасында келтірілген.

Ағылшын тілінен аудармасы (en).

Сәйкес келу дәрежесі – ұқсас (IDT).

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2016 жыл
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

«Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат «Стандарттау бойынша нормативтік құжаттар» сілтемесінде, ал өзгерістер мен түзетулер мәтіні – ай сайынғы «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады. Осы стандартты қайта қараған немесе ауыстырған (жойған) жағдайда, тиісті ақпарат «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланатын болады».

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

1 Қолданылу саласы және стандарттау нысаны ……1
2 Нормативтік сілтемелер……4
3 Терминдер, анықтамалар, белгілеулер мен қысқартулар……6
4 Жіктеу……12
5 Түйістіргіштер мен іске қосқыштардың сипаттамалары……13
6 Бұйым туралы ақпарат……26
7 Пайдаланудың, жөндеудің және тасымалдаудың қалыпты шарттары……28
8 Құрылымы мен жұмыс қабілеттілігіне қойылатын талаптар……28
9 Сынау……44
А қосымшасы(міндетті) Түйістіргіш жетектерін және олармен байланысқан артық жүктемелі релені таңбалау мен сәйкестендіру……68
В қосымшасы (міндетті) Арнайы сынаулар……72
С қосымшасы Күші жойылған……81
D қосымшасы (ақпараттық) Өндіруші мен тұтынушы арасындағы келісімді талап ететін мәселелер……82
Е қосымшасы (ақпараттық) Басқару тізбегі нобайының мысалдары……83
F қосымшасы (міндетті) Күштік түйіспелермен (айналы түйіспелер) байланысты қосымша түйіспелерге арналған талаптар……86
G қосымшасы (ақпараттық) Электр қозғалтқыштарға арналған коммутациялық аппараттардың номиналды жұмыс тоқтары мен номиналды жұмыс қуаттары……89
Н қосымшасы (міндетті) Электронды артық жүктемелі реленің кеңейтілген функциялары……93
І қосымшасы (ақпараттық) Қозғалтқыш жүктемелерінің басқарылатын жартылай өткізгіштерді қолдануға арналған АС1 түйістіргіштері……99
J қосымшасы Күші жойылған……100
К қосымшасы (ақпараттық) Қауіпсіз қызмет етуі үшін қолданылатын электромеханикалық түйістіргіштер деректерін анықтау үрдісі……101
Библиография……110
Д.А қосымшасы (ақпараттық) Мемлекеттік стандарттардың сілтемелі халықаралық стандарттарға (халықаралық құжаттарға) сәйкестігі туралы мәліметтер)……111

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Төмен вольтті тарату және басқару аппаратурасы. 4-1 бөлім ТҮЙІСТІРГІШТЕР МЕН ІСКЕ ҚОСҚЫШТАР Қозғалтқыштың электрмеханикалық түйістіргіштері мен іске қосқыштары

Енгізілген күні 2013-01-01

1 Қолданылу саласы және стандарттау нысаны

1.1 Қолданылу саласы

Осы стандарт, басты түйістіргіштері айнымалы тоқта 1000 В немесе тұрақты тоқтағы 1500 В аспайтын номиналды кернеу тізбектеріне қосылуға болжамданатын, 1.1.1 және 1.1.2 көрсетілген барлық аппараттар түріне таралады.

Осы стандарт бойынша түйістіргіштер мен іске қосқыштар қысқа тұйықталу тоқтарын өшіруге арналмаған. Сондықтан қысқа тұйықталудан сәйкесінше қорғаныс (9.3.4 қараңыз) қондырғы бөлігімен, бірақ міндетті түрде түйістіргішпен немесе іске қосқышсыз жүзеге асу керек.

Осы ережелерге сәйкес, стандартта мынадай талаптар қамтылған:

- артық жүктемемен және/немесе қысқа тұйықталудың қорғаныс құрылғыларымен байланысты түйістіргіштерге;
- қысқа тұйықталудың бөлек қорғаныс құрылғыларымен және/немесе қысқа тұйықталудан және артық жүктемеден бөлек интегралданған қорғаныс құрылғыларымен байланысты стартерлерге;
- қысқа тұйықталудан қорғанудың өзіндік аппараттармен құрамдастырылған ескертілген шарттарда, түйістіргіштер мен іске қосқыштарға;

Мысалы, құрамды немесе қорғалған іске қосқыштар сияқты, құрамдарды бірыңғай аппарат ретінде қарастырады.

Автоматтық сөндіргіштер мен құрамды және қорғалған іске қосқыштардағы қысқа тұйықталудан қорғау аппараттарының функциясында пайдаланылатын, балқығыш сақтандырғыштары бар құрамдар IEC 60947-2 және IEC 60947-3 талаптарын қанағаттандыру керек.

Стандарт төменде көрсетілген, аппараттарға таралады.

1.1.1 Айнымалы және тұрақты тоқ түйістіргіштері

Электр тізбектерін қысқа тұйықтау мен ажырату үшін арналған, ал сәйкес релесі бар (1.1.2 қараңыз) құрамдасында осы тізбектерді болуы мүмкін жұмыстық артық жүктемеден қорғауға арналған айнымалы және тұрақты тоқ түйістіргіштері.

ЕСКЕРТПЕ Сәйкес релесі бар құрамдастырылған және қысқа тұйықталудан қорғауға арналған түйістіргіштер үшін тізбектің автоматты сөндіргіштеріне (IEC 60947-2 қараңыз) берілген сәйкес шарттар қосымша қолданылады.

Осы стандарт сондай-ақ түйістіргіш реле жетектеріне және түйістіргіштің катушка тізбегімен ғана басқарылатын түйіспеге таралады.

Сондай-ақ электромагнитті электронды басқаратын түйістіргіштер мен іске қосқыштар да осы стандартта қамтылады.

1.1.2 Айнымалы тоқты іске қосқыштар

Қозғалтқышты іске қосу мен номиналды жылдамдыққа дейін тарату, қозғалтқыштың үзіліссіз жұмысын қамтамасыз ету, қозғалтқыштан қоректендіруді ажырату және

қозғалтқыштар мен қосылған тізбектерді жұмыстың артық жүктемесінен қорғау үшін арналған, айнымалы тоқ іске қосқыштары.

Соның ішінде кеңейтілген функциялары бар немесе жоқ электронды технологияларға негізделген, іске қосқыштарға арналған артық жүктемелі релесі Н қосымшасына сәйкес, осы стандарттың талаптарына қолданылады.

1.1.2.1 Тікелей тура іске қосуға арналған айнымалы тоқ іске қосқыштары (толық кернеумен)

Қозғалтқышты іске қосуға, оны номиналды жылдамдыққа дейін таратуға, қозғалтқыштар мен қосылған тізбектерді жұмыстың артық жүктемесінен қорғауға және қозғалтқыштан қоректендіруді ажыратуға арналған, іске қосқыштары.

Осы стандарт сондай-ақ реверсивті іске қосқыштарға таралады.

1.1.2.2 Төмендетілген кернеудегі айнымалы тоқ іске қосқыштары

Қозғалтқышты іске қосуға, оны желілік кернеудің қозғалтқыш жетектеріне байланыстырудың бір сатыдан көп немесе кернеуді біртіндеп жоғарылату арқылы беру жолымен номинал жылдамдыққа дейін тарату, қозғалтқыштар мен қосылған тізбектерді жұмыстың артық жүктемесінен қорғауға және қозғалтқыштан қоректендіруді ажыратуға арналған, төмен кернеудегі айнымалы тоқ іске қосқыштары.

Ауыстырып қосудың автоматтық құрылғылары, бір қадамнан басқасына ауыстырып қосудың тізбекті операцияларын бақылау үшін пайдалануы мүмкін. Автоматтық ауыстырып қосудың осындай құрылғылары, мысалы, уақыт кідірісі бар түйістіргіш реле немесе берілген уақыт кідірісі бар екі позициялы реле, тоқтың минималды ағытқыштары және үдеудің автоматтық реттегіштері (5.10 қараңыз).

1.1.2.2.1 Жұлдызша-үшбұрыш тізбекті іске қосқыштар

Жұлдызша байланысындағы үш фазалы қозғалтқышты іске қосу, оның жұлдызша байланысындағы үзіліссіз жұмысын қамтамасыз ету, қозғалтқыштар мен оған қосылған тізбектерді жұмыстың артық жүктемесінен қорғау және қозғалтқыштың қоректенуін ажырату үшін арналған, жұлдызша-үшбұрыш тізбекті іске қосқыштары.

Осы стандартта қарастырылатын, жұлдызша-үшбұрыш тізбекті іске қосқыштары қозғалтқыштарды лездік реверстеуге арналмаған, сондықтан АС-4 сатыда қолданыла алмайды.

ЕСКЕРТПЕ Жұлдызша тізбегінде желідегі тоқ пен қозғалтқыштың айналу сәті үшбұрыш тізбегінен шамамен үш есе аз. Осылайша, жұлдызша-үшбұрыш тізбегіндегі іске қосқыштарды іске қосумен шарттасқан жоғарғы тоқты немесе жетекті механизм әсерінен қосылған айналу сәтін шектеу қажет болғанда пайдаланады. Қозғалтқыштың іске қосқыш тоғының, іске қосқыш айналу сәтінің және жетекті механизмнің кедергі сәтінің типтес қисықтары 1-суретте көрсетілген.

1.1.2.2.2 Екі сатылы автотрансформаторлы іске қосқыштар

Асинхронды қозғалтқышты іске қосу, оны төмендетілген айналу сәтімен тыныш қалпынан қалыпты жылдамдыққа дейін тарату, қозғалтқышты және оған қосылған тізбектерді жұмыстың артық жүктемесінен қорғау және қозғалтқыштың қоректенуін ажырату үшін арналған, екі сатылы автотрансформаторлы іске қосқыштары.

Осы стандарт, іске қосқыштың бөлігінен немесе іске қосқышпен байланысуға арнайы есептелген, құрастырмалы тораптан құралатын, автотрансформаторларға таралады.

Сатылар саны екіден асатын, автотрансформаторлы іске қосқыштар осы стандартпен қамтылмайды.

Осы стандартта қарастырылатын, автотрансформаторлы іске қосқыштар қозғалтқыштардың қайталамалы-қысқа уақтылы қосулар немесе лездік реверстеуге арналмаған және, сондықтан, АС-4 санатында қолданыла алмайды.

ЕСКЕРТПЕ Іске қосылған қалпында желідегі тоқ пен төмендетілген кернеуде оның қосылуымен қамтамасыз етілген, қозғалтқыштың айналу сәті шамамен қатынастың (іске қосқыш кернеу): (номиналды кернеу) квадратына пропорционал кішірейеді. Сондықтан автотрансформаторлы іске қосқыштарды іске қосқыш жоғарғы тоқты немесе жетекті механизм әсерінен қосылатын іске қосқыш айналу сәтін шектеу қажет болғанда пайдаланады. Қозғалтқыштың іске қосқыш тоғының, іске қосқыш айналу сәтінің және жетекті механизмнің кедергі сәтінің ұқсас қисықтары 2-суретте көрсетілген.

1.1.2.3 Реостатты роторлы іске қосқыштар

Фазалық роторы бар, асинхронды қозғалтқышты, алдын ала ротор тізбегіне енгізілген кедергілерді бөлу жолымен іске қосу, қозғалтқышты жұмыстың артық жүктемесінен қорғау және қозғалтқыштың қоректенуін ажырату үшін арналған, іске қосқыштары.

Фазалық роторы бар, асинхронды қозғалтқыштың ашық тізбектегі түйіспе сақиналар арасындағы максимал кернеу роторлы тізбекке қосылған, коммутациялық аппараттардың оқшауланууы бойынша қосарланған номиналды кернеуден аспау керек (5.3.1.1.2 қараңыз).

ЕСКЕРТПЕ Бұл талап статорға қарағанда, ротордағы электр жүктемелерінің аз мәніне және олардың қысқа уақытына негізделген.

Осы стандарт, сондай-ақ тоқтатылған қозғалтқышта қосқыштар ауыстырып қосылған кезде, екі айналу бағыттауыштары бар, іске қосқыштарға да таралады (5.3.5.5 қараңыз). Қайталамалы-қысқа уақытты қосылуларды және қарсы тоқпен тежеуді қарастыратын, функцияларды жүзеге асырғанда қосымша талаптар қойылады, бұл өндіруші мен тұтынушы арасында келісілген болу керек.

Осы стандарт, сондай-ақ іске қосқыштың бөлігін құрайтын немесе іске қосқышпен байланысуға арнайы есептелген, торапты түзуші резисторларға таралады.

1.2 Ерекшеліктері

Осы стандартты қолдану саласына кірмейді:

- тұрақты тоқ іске қосқыштары;
- іске қосқыш қалпында ұзақ жұмысқа есептелген жұлдызша-үшбұрыш тізбектегі іске қосқыштар, реостатты роторлы және екі сатылы автотрансформаторлы іске қосқыштар;
- асимметриялы реостатты роторлы іске қосқыштар, яғни әр түрлі фазадағы түрлі кедергілермен;
- тек іске қосуға ғана емес, сондай-ақ жылдамдықты реттеу үшін арналған құрылғылар;
- сұйық және сұйық-булы іске қосқыштар;
- басты тізбек құрамына жартылай өткізгіш кілттер кіретін, жартылай өткізгіш түйістіргіштер мен іске қосқыштар;
- реостатты статорлы іске қосқыштар;
- арнайы қолданыстағы түйістіргіштер мен іске қосқыштар;
- түйістіргіштердің қосалқы түйіспелері және түйістіргіш реле мен артық жүктеме түйіспелері. Олар IEC 60947-5-1 қарастырылады.

1.3 Мақсаты

Осы стандарттың мақсаты төмендегілерді белгілеу болып табылады:

a) түйістіргіштер мен іске қосқыштардың, сондай-ақ жинақталатын жабдықтардың сипаттамаларын;

b) келесілерге қатысы бойынша, түйістіргіштер мен іске қосқыштарға қолданылатын шарттарды:

1) қажалу мен қызмет ету,

2) диэлектрлік қасиеттерге,

3) олардың қабықшаларымен қамтамасыз етілетін, қорғаныс дәрежелері, қолданылатын жерде,

4) құрастырылымдар;

c) осы талаптарға сәйкестігін растау үшін орындалатын, сынаулар және осы сынауларды жүргізу әдістемелері;

d) аппараттармен бірге ұсынылу немесе өндірушінің жариялауларда көрсетілу керек, ақпарат.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін келесі сілтемелі нормативтік құжаттар қажет. Даталанған сілтемелер үшін, сілтемелі құжаттың тек көрсетілген басылымы ғана қолданылады, күні қойылмаған сілтемелер үшін, сілтемелі құжаттың соңғы басылымы (оның барлық өзгерістерін қоса) қолданылады:

ҚР СТ 1.9-2007 Қазақстан Республикасының мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі. Қазақстан Республикасында халықаралық, өңірлік және шетелдік мемлекеттердің ұлттық стандарттарын, стандарттау жөніндегі басқа нормативтік құжаттарды қолдану тәртібі

IEC 60034-1:2004* Rotating electrical machines - Part 1: Rating and performance (Айналмалы электр машиналары - 1-бөлім: Номиналды деректер мен сипаттамалар).

IEC 60085:2007* Electrical insulation - Thermal evaluation and designation (Электр оқшаулану – Термиялық бағалау мен белгілеу).

IEC 60300-3-5:2001* Dependability management - Part 3-5: Application guide - Reliability test conditions and statistical test principles (Сенімділік менеджменті. 3-5-бөлім. Қолдану бойынша нұсқама. Сенімділікті сынау шарттары және статикалық сынаулар принциптері).

IEC 60410:1973* Sampling plans and procedures for inspection by attributes (Сапалық белгілері бойынша іріктеп бақылау ережелері мен жоспарлары).

IEC 60947-1:2007* Low-voltage switchgear and controlgear - Part 1: General rules (Төмен вольтті үйлестіру және басқару аппаратурасы. 1-бөлім. Жалпы ережелер).

IEC 60947-2:2006* Low-voltage switchgear and controlgear - Part 2: Circuit-breakers (Төмен вольтті үйлестіру және басқару аппаратурасы. 2-бөлім. Автоматты сөндіргіштер).

IEC 60947-3:2008* Low-voltage switchgear and controlgear - Part 3: Switches, disconnectors, switch-disconnectors and fuse-combination units (Төмен вольтті тарату және басқару аппаратурасы. 3-бөлім. Сөндіргіштер, ажыратқыштар, сөндіргіш-ажыратқыштар және сақтандырғыш блоктары).

IEC 60947-5-1:2003* Low-voltage switchgear and controlgear - Part 5-1: Control circuit devices and switching elements - Electromechanical control circuit devices (Төмен вольтті тарату және басқару аппаратурасы. 5-1-бөлім. Екінші реттік комутация тізбегіндегі құрылғылар және коммутирлейтін элементтер. Екінші реттік комутация тізбегіндегі электромеханикалық құрылғылар).

IEC 61000-4-2:2008* Electromagnetic compatibility (EMC) - Part 4-2: Testing and measurement techniques - Electrostatic discharge immunity test (Электромагниттік үйлесімділік (ЕМС). 4-2-бөлім. Сынау мен өлшеу тәсілдері. Электростатикалық разрядқа төзімділігін сынау).

IEC 61000-4-3:2006* Electromagnetic compatibility (EMC) - Part 4-3 : Testing and measurement techniques - Radiated, radio-frequency, electromagnetic field immunity test (Электромагниттік үйлесімділік (ЕМС). 4-3-бөлім. Сынау мен өлшеу тәсілдері. Сәулеленетін радиожиілікті электромагниттік өріске төзімділігін сынау).

* *ҚР СТ 1.9 сәйкес қолданылады*

IEC 61000-4-4:2004* Electromagnetic compatibility (EMC) - Part 4-4: Testing and measurement techniques - Electrical fast transient/burst immunity test (Электромагниттік үйлесімділік (EMC). 4-4-бөлім. Сынау мен өлшеу тәсілдері. Наносекундты импульсті бөгеуілдерге төзімділігін сынау).

IEC 61000-4-5:2005* Electromagnetic compatibility (EMC) - Part 4-5: Testing and measurement techniques - Surge immunity test (Электромагниттік үйлесімділік (EMC). 4-5-бөлім. Сынау мен өлшеу тәсілдері. Үлкен энергияның микросекундты импульсті бөгеуілдерге төзімділігін сынау).

IEC 61000-4-6:2008* Electromagnetic compatibility (EMC) - Part 4-6: Testing and measurement techniques - Immunity to conducted disturbances, induced by radio-frequency fields (Электромагниттік үйлесімділік (EMC). 4-6-бөлім. Сынау мен өлшеу тәсілдері. Радиожиілікті өрістермен келтірілген, кондуктивті бөгеуілдерге төзімділігі).

IEC 61439-1:2009* Low-voltage switchgear and controlgear assemblies - Part 1: General rules (Төмен вольтті жинақты үйлестіру және басқару аппаратурасы. 1-бөлім. Жалпы ережелер).

IEC 61508 (барлық бөлімдері)* Functional safety of electrical/electronic/programmable electronic safety-related systems (Қауіпсіздікпен байланысты электр/электронды/ бағдарламалайтын электронды жүйелердің функционалдық қауіпсіздігі).

IEC 61511 (барлық бөлімдері)* Functional safety - Safety instrumented systems for the process industry sector (Функционалдық қауіпсіздік. Өңдеу өнеркәсібіне арналған қауіпсіздіктің бақылау-өлшеу жүйелері).

IEC 61513:2001* Nuclear power plants - Instrumentation and control for systems important to safety - General requirements for system (Атом электр станциялары. Қауіпсіздікті басқарудың өлшеу аспаптары мен жүйелері. Жүйелерге арналған жалпы талаптар).

IEC 61649:2008* Weibull analysis (Вейбулл талдауы).

IEC 61810-1:2008* Electromechanical elementary relays - Part 1: General requirements (Қарапайым электромеханикалық реле. 1-бөлім. Жалпы талаптар).

IEC 62061:2005* Safety of machinery - Functional safety of safety-related electrical, electronic and programmable electronic control systems (Машиналардың қауіпсіздігі. Қауіпсіздікпен байланысты, электр, электронды, бағдарламалайтын электронды басқару жүйелердің функционалдық қауіпсіздігі).

ISO 13849-1:2006* Safety of machinery - Safety-related parts of control systems - Part 1: General principles for design (Машиналардың қауіпсіздігі. Қауіпсіздікті қамтамасыз етумен байланысты, басқару жүйелерінің бөлшектері. 1-бөлім. Құрастырудың жалпы принциптері).

CISPR 11:2003* Industrial, scientific and medical (ISM) radio-frequency equipment - Electromagnetic disturbance characteristics - Limits and methods of measurement. Amendment 1 (2004)* and Amendment 2 (2006)* (Радиожиілікті өнеркәсіптік, ғылыми-зерттеу, медициналық жабдықтар. Электромагниттік бөгеуілдердің сипаттамалары. Шекті мәндері және өлшеу тәсілдері. Өзгеріс 1 (2004) және Өзгеріс 2 (2006)).

ЕСКЕРТПЕ Осы стандартты қолдану кезінде жыл сайын шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық көрсеткішінде және ай сайын шығарылатын ақпараттық көрсеткіштерде сілтеме жасалған стандартардың ағымдағы жыл бойынша қолданылуын тексерген дұрыс. Егер сілтеме жасалған құжат орнына басқасы енгізілген (өзгертілген) болса,онда осы стандартты қолдану кезінде орнына енгізілген (өзгертілген) құжатты жетекшілікке алу керек. Егер сілтеме жасалған құжат күші жойылған болса, орнына басқасы енгізілмесе, онда ол құжатқа сілтеме жасалған құжатқа тиісті емес бөліктерімен ғана қолданылады.

* *ҚР СТ 1.9 сәйкес қолданылады*

3 Терминдер, анықтамалар, белгілеулер мен қысқартулар

3.1 Жалпы ережелер

Осы стандартта IEC 60947-1 (2-тарау) бойынша терминдер, сондай-ақ сәйкесінше анықтамалармен, белгіленулермен және қысқартулармен келесі терминдер қолданылады:

3.2 Терминдердің әліпбилік реті

А

Автотрансформаторлы іске қосқыш 3.4.5.2
Айналық түйіспе F.2.1

Б

Бір сатылы бір позициялы іске қосқыш 3.4.14

В

Вакуумды түйістіргіш (іске қосқыш) 3.3.6

Е

Екі айналма бағыттаушысы бар іске қосқыш 3.4.4
Екі сатылы екі позициялы іске қосқыш 3.4.15

Ж

Жабылатын түйістіргіш 3.3.5
Жылу релесі немесе артық жүктеме ағытқышы, үзілуге (түсуге)
Жұлдызша-үшбұрыш тізбекті іске қосқыш 3.4.5.1
Жерге түйықталудан қорғанысы бар электронды артық жүктемелі релесі H.2.1

К

Кернеудің минимал ағытқышы.....3.4.19

Қ

Құрамдастырылған іске қосқыш 3.4.8
Қолдық іске қосқыш 3.4.9
Қозғалтқыш жетекті іске қосқыш 3.4.11
Қайтламалы-қысқа уақытта қосылу тәртібі 3.4.24
Қарсы тоқпен тежелуі 3.4.25
Қорғалған коммутациялық аппараты.....3.4.26
Құрамдастырылған коммутациялық аппараты.....3.4.27
Қажалуы СО.....3.5.2
Қажалуы О.....3.5.3
Қуат жетіспеушілігінен қорғанысы бар электронды реле H.2.6

Ө

Өтпелі қалпына келетін кернеу, ӨҚК 3.5.1

П

Пневматикалық түйістіргіш 3.3.3
Пневматикалық іске қосқыш 3.4.12

Р

Реверсивті іске қосқыш 3.4.3
Реостатты іске қосқыш 3.4.6
Реостатты статорлы іске қосқыш 3.4.6.1
Реостатты роторлы іске қосқыш 3.4.6.2
Реле тоқтауына сезімталдығы (электронды артық жүктемелер).....3.4.28
Реле үзілісіне сезімталдығы (электронды артық жүктемелер).....3.4.29

С

Сезімтал фазалар.....3.4.17

Т

Тікелей әсердегі іске қосқыш 3.4.2
Төмендетілген кернеудегі іске қосқыш 3.4.5
Тыныштық қалпы (түйістіргіштің).....3.4.7
Тоқтың минимал ағытқышы 3.4.18
Тыйым салу уақыты 3.4.30
Тізбекті үзбей өту (автотрансформаторлы іске қосқышты немесе жұлдызша-үшбұрыш тізбекті іске қосқышты пайдаланғанда).....3.4.23
Тізбекті үзіп өту (автотрансформаторлы іске қосқышты немесе жұлдызша-үшбұрыш тізбекті іске қосқышты пайдаланғанда).....3.4.22
Түйіспе (механикалық).....3.5.1
Тоқтың дисбалансынан қорғанысы бар электронды реле Н.2.2
Тыйым салу тоғы (I_{ic}).....Н.2.7

Ф

Фазалардың айналуынан қорғанысы бар электронды реле Н.2.4

І

Іске қосқыш.....3.4.1
Іске қосу уақыты (реостатты іске қосқыш).....3.4.20
Іске қосу уақыты (автотрансформаторлы іске қосқыш).....3.4.21

Э

Электромагнитті түйістіргіш 3.3.2
Электромагниттің электронды-магниттелген катушкасы 3.3.8
Электропневматикалық түйістіргіш 3.3.4
Электромагнитті іске қосқыш 3.4.10

N

n-сатылы іске қосқыш.....3.4.16

3.3 Түйістіргіштерге қатысты терминдер мен анықтамалар

3.3.1 Түйістіргіш (механикалық) ((mechanical) contactor): Бір ғана тыныштық қалпы бар, қолмен операция жасалмайтын, тізбектің қалыпты шарттарында, соның ішінде жұмысшы артық жүктемелерде тоқтарды қосуға, өткізуге және ажыратуға қабілетті механикалық коммутациялық аппарат.

ЕСКЕРТПЕ 1 Түйістіргіштер, басты түйіспелер тұйықталу үшін, күшті қолдану тәсіліне сәйкес құрастырылған болу керек.

ЕСКЕРТПЕ 2 «Қолмен операция жасалмайтын» термині, құрылғы бір немесе одан да көп сыртқы көздер көмегімен реттеледі және жұмыс қалпына келтірілетінін білдіреді.

ЕСКЕРТПЕ 3 Бастапқы қалпында жабық, басты түйіспелері бар, түйістіргіштер, французша әдетте «rupteur» деп аталады. Ағылшын тілінде «rupteur» сөзінің эквиваленті жоқ.

ЕСКЕРТПЕ 4 Түйістіргіш әдетте көп жұмысқа арналған.

3.3.2 Электромагнитті түйістіргіш (electromagnetic contactor): Басты тұйықталатын түйіспелердің тұйықталуы немесе басты ажырататын түйіспелерді ажырату үшін, қажетті күші бар түйістіргіш электромагнитпен құрылады.

ЕСКЕРТПЕ Электромагнит электронды басқарылуы мүмкін.

3.3.3 Пневматикалық түйістіргіш (pneumatic contactor): Басты тұйықталатын түйіспелердің тұйықталуы немесе басты ажырататын түйіспелерді ажырату үшін қажетті күші бар түйістіргіш, басқаратын электр құрылғысын қолданбай, қысылған ауада жұмыс істейтін құрылғымен құрылады.

3.3.4 Электропневматикалық түйістіргіш (electro-pneumatic contactor): Басты тұйықталатын түйіспелердің тұйықталуы немесе басты ажырататын түйіспелерді ажырату үшін қажетті күші бар түйістіргіш, электр қақпақтарды басқарумен, қысылған ауада жұмыс істейтін құрылғымен құрылады.

3.3.5 Жабылатын түйістіргіш (latched contactor): Басқару механизміне әсері тоқталғанда, жабатын құрылғысы қозғалмалы элементтерге тыныштық қалпына оралуға мүмкіндік бермейтін, түйістіргіш. ([2] қараңыз).

ЕСКЕРТПЕ 1 Ысырманың ілмегі және оның ағытқышы механикалық, пневматикалық және т.с.с. болуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ 2 Ілмектің арқасында түйістіргіш фактілі тыныштықтың екінші қалпын алады және осы анықтаманың толық мағынасында, түйістіргіштерге жатпайды. Бірақ құрылымының қолдану саласына сәйкес, жабылатын түйістіргіш кез-келген басқа коммутациялық аппараттарға қарағанда, түйістіргіштерге сәйкес келеді, сондықтан түйістіргіш талаптарын қанағаттандырады (орынды болғанда) деп есептейді.

3.3.6 Вакуумды түйістіргіш (немесе іске қосқыш) (vacuum contactor (or starter)): Басты түйіспелері, күшті сиретілген атмосферасы бар, қабықша ішінде ажыратылатын және тұйықталатын, түйістіргіш (немесе іске қосқыш).

3.3.7 Тыныштық қалпы (түйістіргіштің) (position of rest (of a contactor)): Түйістіргіштің электромагнит немесе пневматикалық құрылғылары қоректенуді алмағандағы, оның қозғалмалы бөліктерінің алатын қалпы. ([2] қараңыз).

3.3.8 Электронды-магниттейтін электромагниттің катушкасы (electronically energized coil of electromagnet): Катушкасы белсенді электронды элементтері бар тізбек көмегімен магниттелетін, электромагнит.

3.4 Іске қосқыштарға қатысты терминдер мен анықтамалар

3.4.1 Іске қосқыш (starter): Артық жүктемеден қорғанысы бар, қозғалтқышты іске қосу мен тоқтатуға қажетті, барлық коммутациялық құрылғылардың жиынтығы. ([2] қараңыз, өзгертілген).

3.4.2 Тікелей әсердегі іске қосқыш (direct-on-line starter): Қозғалтқыш жетектеріне желілік кернеуді бір сатылы беретін, іске қосқыш. ([2] қараңыз).

3.4.3 Реверсивті іске қосқыш (reversing starter): Қозғалтқышты міндетті тоқтатусыз, оның қоректенетін байланыстарын ауыстырып қосу жолымен қозғалтқыштың айналу бағытын өзгерту үшін арналған, іске қосқыш.

3.4.4 Айналудың екі бағыттаушысы бар іске қосқыш (two-direction starter): Тек қозғалтқышты тоқтатқанда ғана оның қоректенетін байланыстарын ауыстырып қосу жолымен қозғалтқыштың айналу бағытын өзгерту үшін арналған, іске қосқыш.

3.4.5 Төмендетілген кернеудегі іске қосқыш (reduced voltage starter): Қозғалтқыш жетектеріне екі немесе одан да көп сатылармен немесе жетектеріндегі кернеуді біртіндеп жоғарлату жолымен желілік кернеуді беруге арналған, іске қосқыш.

3.4.5.1 Жұлдызша-үшбұрыш тізбекті іске қосқыш (star-delta starter): Іске қосылған қалпында статор орамдары жұлдызша байланысатын, ал жұмыс қалпында – үшбұрыш, үшфазалы асинхронды қозғалтқышқа арналған, іске қосқыш. ([2] қараңыз).

3.4.5.2 Автотрансформаторлы іске қосқыш (auto-transformer starter):

Автотрансформатордан алынатын қозғалтқышты іске қосу үшін, бір немесе бірнеше төмендетілген кернеулерді пайдаланатын, асинхронды қозғалтқышқа арналған іске қосқыш. ([2] қараңыз).

ЕСКЕРТПЕ Автотрансформатор келесі түрде [5], 3.1.2т. анықталынады: «кем дегенде, екі орамының жалпы бөлігі бар, автотрансформатор».

3.4.6 Реостатты іске қосқыш (rheostatic starter): Іске қосқанда қозғалтқыштың берілген айналу сәтіне және тоқтың шектеуіне жету үшін, бір немесе бірнеше кедергілермен жабдықталған, іске қосқыш. ([2] қараңыз).

ЕСКЕРТПЕ Реостатты іске қосқыш ереже бойынша, үш негізгі бөліктерден тұрады, олар құрамдас торап, сондай-ақ пайдалану орнында байланысатын, бөлек тораптар түрінде жабдықталуы мүмкін:

- статорға қоректенуді беруге арналған механикалық коммутациялық құрылғылар (негізінен, артық жүктемеден қорғауға арналған, құрылғылармен пайдаланады);
- статор немесе ротор тізбегіне құрастырылған резистор (лар);
- резистор(лар)ды біртіндеп ажыратуға арналған, механикалық коммутациялық құрылғылар.

3.4.6.1 Реостатты статорлы іске қосқыш (rheostatic stator starter): Іске қосу кезеңінде, статор тізбегіне енгізілген, бір немесе бірнеше кедергілерді тізбектеп бөлетін, қысқа тұйықталған роторы бар қозғалтқышқа арналған, реостатты іске қосқыш.

3.4.6.2 Реостатты роторлы іске қосқыш (rheostatic rotor starter):

Іске қосу кезеңінде, статор тізбегіне енгізілген, бір немесе бірнеше кедергілерді тізбектеп бөлетін, фазалық роторы бар қозғалтқышқа арналған, реостатты іске. ([2] қараңыз).

3.4.7 Қорғалған іске қосқыш (protected starter): Іске қосқыштан, қолмен басқарылатын коммутациялық аппараттан және өндіруші нұсқауы бойынша құрастырылған немесе байланысқан, қысқа тұйықталудан қорғайтын аппараттан тұратын құрылғы.

ЕСКЕРТПЕ 1 Қорғалған іске қосқыш корпуста, сондай-ақ онсыз орындалуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ 2 Осы стандарттың мәтінінде «өндіруші» термині келесі негізгі жауапкершілігі бар, компания немесе ұйымның кез-келген тұлғасын білдіреді:

- сәйкес стандартқа сәйкестігін тексеру;
- 6-тарауға сәйкес, өнім туралы ақпаратты ұсыну.

ЕСКЕРТПЕ 3 Қолмен басқарылатын коммутациялық аппарат және қысқа тұйықталудан қорғауға арналған құрылғы өзімен біртұтас аппарат бола алады және іске қосқышты артық жүктемеден қосымша қорғаумен жабдықталуы мүмкін.

3.4.8 Құрамдастырылған іске қосқыш (combination starter): Оқшаулағыш қызметін біріктіретін, қорғалған іске қосқыштан тұратын құрылғы (3-суретті қараңыз).

ЕСКЕРТПЕ Сондай-ақ «қозғалтқыштың құрастырылған контроллері».

3.4.9 Қолдық іске қосқыш (manual starter): Басты түйіспелерді тұйықтау үшін қажетті күші бар, іске қосқыш тек қолдың бұлшық еті энергиясымен ғана қамтамасыз етіледі. ([2] қараңыз).

3.4.10 Электромагнитті іске қосқыш (electromagnetic starter): Басты түйіспелерді тұйықтау үшін қажетті күші бар, іске қосқыш электромагнитпен қамтамасыз етіледі.

3.4.11 Қозғалтқыш жетекті іске қосқыш (motor-operated starter): Басты түйіспелерді тұйықтау үшін қажетті күші бар, іске қосқыш электр қозғалтқышпен қамтамасыз етіледі.

3.4.12 Пневматикалық іске қосқыш (pneumatic starter): Басты түйіспелерді тұйықтау үшін қажетті күші бар, іске қосқыш басқаратын электр құрылғысын қолданбай, қысылған ауамен қамтамасыз етіледі.

3.4.13 Электропневматикалық іске қосқыш (electro-pneumatic starter): Басты түйіспелерді тұйықтау үшін қажетті күші бар, іске қосқыш электр қақпақтарды басқарумен, қысылған ауамен қамтамасыз етіледі.

3.4.14 Бір сатылы бір позициялы іске қосқыш (single-step starter): Қосылу және ажырату қалыптары арасындағы таратудың аралық позициясы жоқ іске қосқыш.

ЕСКЕРТПЕ Берілген іске қосқыш тікелей тура іске қосуға арналған іске қосқыш болып табылады.

3.4.15 Екі сатылы екі позициялы іске қосқыш (two-step starter): Қосылу және ажырату қалыптары арасындағы таратудың бір ғана аралық позициясы бар іске қосқыш.

МЫСАЛ Екі сатылы жұлдызша-үшбұрыш тізбекті іске қосқыш болып табылады.

3.4.16 n-сатылы іске қосқыш (n-step starter): Қосылу және ажырату қалыптары арасындағы таратудың (n-1) аралық позициясы бар іске қосқыш (4-суретті қараңыз). ([2] қараңыз).

МЫСАЛ Үш сатылы реостатты іске қосқышта іске қосу үшін кедергілердің екі секциясын пайдаланады.

3.4.17 Жылу релесі немесе артық жүктеме ағытқышы, үзілуге (түсуге) сезімтал фазалар (phase loss sensitive thermal overload relay or release): Көп полюсті жылу релесі немесе артық жүктеме кезінде және жазылған талаптарға сәйкес, фазаның түсуі жағдайында әсер ететін, артық жүктеме ағытқышы.

3.4.18 Тоқтың минимал ағытқышы Ол арқылы өтетін тоқтың берілген деңгейден түскен кезде, автоматты әсер ететін, ағытқыш (under-current relay or release):.

3.4.19 Кернеудің минимал ағытқышы (under-voltage relay or release): Оған берілген кернеудің берілген деңгейден төмен түскен кезде, автоматты әсер ететін, ағытқыш.

3.4.20 Іске қосу уақыты (реостатты іске қосқыштың) (starting time (of a rheostatic starter)): Тоқтың іске қосқыш кедергілері арқылы өту кезеңі немесе олардың бөлігі.

ЕСКЕРТПЕ Қосу қалпына ауыстырып қосқаннан кейін соңғы тарату кезеңін ескере отырып, іске қосқыштың іске қосу уақыты қозғалтқыштың іске қосудың толық уақытынан қысқа.

3.4.21 Іске қосу уақыты (автотрансформаторлы іске қосқыштың) (starting time (of an auto-transformer starter)): Тоқтың автотрансформатор арқылы өту кезеңі.

ЕСКЕРТПЕ Қосу қалпына ауыстырып қосқаннан кейін соңғы тарату кезеңін ескере отырып, іске қосқыштың іске қосу уақыты қозғалтқыштың іске қосудың толық уақытынан қысқа.

3.4.22 Тізбекті үзіп өту (автотрансформаторлы іске қосқышты немесе жұлдызша-үшбұрыш тізбекті іске қосқышты пайдаланғанда) (open transition (with an auto-transformer starter or star-delta starter)): Бір сатыдан басқа сатыға өткенде қозғалтқыштың қоректенуі үзілетін және қайтадан қалпына келтірілетін, коммутациялық тізбек.

ЕСКЕРТПЕ Өтпелі кезең қосымша саты ретінде қарастырылмайды.

3.4.23 Тізбекті үзбей өту (автотрансформаторлы іске қосқышты немесе жұлдызша-үшбұрыш тізбекті іске қосқышты пайдаланғанда) (closed transition (with an auto-transformer starter or star-delta starter)): Бір сатыдан басқа сатыға өткенде қозғалтқыштың қоректенуі үзілмейтін (бір сәтке де), коммутациялық тізбек.

ЕСКЕРТПЕ Өтпелі кезең қосымша саты ретінде қарастырылмайды.

3.4.24 Қайталамалы-қысқа уақытта қосылу тәртібі (соққы тәртібі) (inching (jogging)): Келтірілетін механизмнің үлкен емес ығысуларын жүзеге асыру мақсатында, қысқа уақытта қозғалтқышқа (немесе соленоидқа) энергияны көп рет беру.

3.4.25 Қарсы тоқпен тежелу (plugging): Қозғалтқыштың айналу үрдісінде оның алғашқы байланыстарын ауыстырып қосу жолымен қозғалтқыштың айналу бағытын тоқтатуы немесе лезде өзгертуі.

3.4.26 Қорғалған коммутациялық аппарат (protected switching device): Түйістіргіштен немесе жартылай өткізгіш контроллердан, қолмен басқарылатын коммутациялық аппаратты артық жүктемеден қорғау және өндіруші нұсқауы бойынша құрастырылған немесе байланысқан, қысқа тұйықталудан қорғайтын аппараттан тұратын құрылғы (қозғалтқыштың жүктемелері үшін емес).

ЕСКЕРТПЕ 1 Қорғалған іске қосқыш корпуста, сондай-ақ онсыз орындалуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ 2 Осы стандарттың мәтінінде «өндіруші» термині келесі негізгі жауапкершілігі бар, компания немесе ұйымның кез-келген тұлғасын білдіреді:

- сәйкес стандартқа сәйкестігін тексеру;
- 6-тарауға сәйкес, өнім туралы ақпаратты ұсыну.

ЕСКЕРТПЕ 3 Қолмен басқарылатын коммутациялық аппарат және қысқа тұйықталудан қорғауға арналған құрылғы өзімен біртұтас аппарат бола алады және іске қосқышты артық жүктемеден қосымша қорғаумен жабдықталуы мүмкін.

3.4.27 Құрамдастырылған коммутациялық аппарат (combination switching device): Оқшаулағыш қызметін біріктіретін, қорғалған іске қосқыштан тұратын құрылғы.

ЕСКЕРТПЕ Сондай-ақ «қозғалтқыштың құрастырылған контроллері».

3.4.28 Тоқтатылуға (электрондық артық жүктемелерге) сезімтал реле (stall sensitive (electronic overload) relay): Тоқ, іске қосудың белгілі бір уақыт кезеңінде берілген мәнінен төмен түспегенде немесе белгіленген талаптарға сәйкес, реле, қозғалтқыш берілген уақыттан соң айналмайды, дегенді білдіретін деректерді алғанда, әсер ететін электрондық артық жүктемелі релесі.

ЕСКЕРТПЕ 1 Тоқталудың себебі: Іске қосу уақытында ротордың сыналануы.

ЕСКЕРТПЕ 2 Сәйкесінше тоқты жөнге салу мен іске қосу уақыты бар, осындай реле созылмалы іске қосуларды анықтау үшін қолданылуы мүмкін.

3.4.29 Үзілістерге (электрондық артық жүктемелерге) сезімтал (jam sensitive (electronic overload) relay): Белгіленген талаптарға сәйкес, артық жүктеме жағдайында, сондай-ақ тоқ, жұмыстың белгілі бір уақыт кезеңінде, берілген мәнінен аспау керек кезінде, әсер ететін электрондық артық жүктемелі релесі.

3.4.30 Тыйым салу уақыты (inhibit time): Реленің ажырату қызметі блокталған уақытында, кідіріс кезеңі (реттелуі мүмкін).

3.5 Ерекше өлшемдерге қатысты, терминдер мен анықтамалар

3.5.1 Өтпелі қалпына келетін кернеу, ӨҚК (transient recovery voltage, TRV): Айқын көрсетілген өтпелі сипаттамасы бар, уақыт кезеңіндегі қалпына келетін кернеу.

ЕСКЕРТПЕ Түйістіргіш немесе іске қосқыш вакуумда ең жоғарғы өтпелі қалпына келетін кернеу, ажырату алдындағы полюстан ерекшеленетін, басқа полюста пайда болуы мүмкін. (IEC 60947-1 қараңыз, т. 2.5.34, өзгертілген)

3.5.2 Әсер ету СО (CO operation): Сыналатын құрылғы көмегімен тізбектің тұйықталуы нәтижесінде қысқа тұйықталудан қорғау құрылғысы көмегімен тізбектің ажырауы.

3.5.3 Әсер ету О (O operation): Тұйықталған қалпында тұрған, сыналатын құрылғы көмегімен тізбектің тұйықталуы нәтижесінде қысқа тұйықталудан қорғау құрылғысы көмегімен тізбектің ажырауы.

ЕСКЕРТПЕ Қысқа тұйықталудан қорғау құрылғысы тізбектің тұйықталуы алдында тұйықталған қалпында тұрады; кейбір жағдайларда қысқа тұйықталудан қорғау құрылғысы тізбекті тұйықтау керек (9.3.4.2.2 қараңыз, тізбелеу b)).

3.6 Белгілеулер мен қысқартулар

СРД Сапаның рұқсат етілген деңгейі

ЭМҮ Электромагниттік үйлесімділік

ҚТҚҚ Қысқа тұйықталудан қорғау құрылғысы

I_c Қосылатын және ажыратылатын ток (7-кестені қараңыз)

I_e Номиналды жұмыс тоғы (5.3.2.5 қараңыз)

I_{er} Ротордың номиналды жұмыс тоғы (5.3.2.7 қараңыз)

I_{es} Статордың номиналды жұмыс тоғы (5.3.2.6 қараңыз)

I_{ic} Тыйым салу тоғы (H.2.7 қараңыз)

I_{th} Ашық орындаудағы шартты жылу тоғы (5.3.2.1 қараңыз)

I_{the} Қабықшадағы шартты жылу тоғы (5.3.2.2 қараңыз)

I_{thr} Ротордың шартты жылу тоғы (5.3.2.4 қараңыз)

I_{ths} Статордың шартты жылу тоғы (5.3.2.3 қараңыз)

I_u Номиналды үзіліссіз ток (5.3.2.8 қараңыз)

T_p Ағыту уақыты (2-кестені қараңыз)

U_c Басқару тізбегінің номиналды кернеуі (5.5 қараңыз)

U_e Номиналды жұмыс кернеуі (5.3.1.1 қараңыз)

U_{er} Ротордың номиналды жұмыс кернеуі (5.3.1.1.2 қараңыз)

U_{es} Статордың номиналды жұмыс кернеуі (5.3.1.1.1 қараңыз)

U_i Оқшаулау бойынша номиналды кернеу (5.3.1.2 қараңыз)

U_{imp} Номиналды импульстік ұсталатын кернеу (5.3.1.3 қараңыз)

U_{ir} Ротордың оқшаулау бойынша номиналды кернеуі (5.3.1.2.2 қараңыз)

U_{is} Статордың оқшаулау бойынша номиналды кернеуі (5.3.1.2.1 қараңыз)

U_r Өнеркәсіптік желінің немесе тұрақты тоқтың қайта келетін кернеуі (7-кестені қараңыз)

U_s Басқару тізбегі қоректенуінің номиналды кернеуі (5.5 қараңыз)

4 Жіктеу

Топтастырудың критерийлері болуы мүмкін, барлық параметрлер 5.2 тізбектелген.

5 Түйістіргіштер мен іске қосқыштардың сипаттамалары

5.1 Сипаттамалар тізімі

Түйістіргіштер мен іске қосқыштар келесі сипаттамалармен анықталу керек (орынды болғанда):

- аппарат типімен (5.2 қараңыз);
- басты тізбектің номиналды және шекті мәндерімен (5.3 қараңыз);
- қолдану санаттарымен (5.4 қараңыз);
- басқару тізбектерімен (5.5 қараңыз);
- қосалқы тізбектерімен (5.6 қараңыз);
- реле мен ағытқыштардың типтерімен және параметрлерімен (5.7 қараңыз);
- қысқа тұйықталудан қорғау аппараттары бар үйлестірумен (5.8 қараңыз);
- коммутациялық артық кернеумен (5.9 қараңыз);
- автоматтық ауыстырып қосқыштар мен үдеу реттегіштерінің типтерімен және параметрлерімен (5.10 қараңыз);
- екі сатылы автотрансформаторлы іске қосқыштарға арналған автотрансформаторлардың типтерімен және параметрлерімен (5.11 қараңыз);
- реостатты роторлы іске қосқыштарға арналған іске қосқыш кедергілердің типтерімен және параметрлерімен (5.12 қараңыз).

5.2 Аппарат типі

Келесілер көрсетілу керек (сондай-ақ 6-тарауды қараңыз).

5.2.1 Аппарат түрі

- түйістіргіш;
- айнымалы тоқтың тікелей әрекеттегі іске қосқыш;
- жұлдызша-үшбұрыш тізбекті іске қосқыш;
- екі сатылы автотрансформаторлы іске қосқыш;
- реостатты роторлы іске қосқыш;
- құрамдастырылған немесе қорғалған іске қосқыш.

5.2.2 Полюстар саны

5.2.3 Тоқ түрі (айнымалы немесе тұрақты)

5.2.4 Коммутациялық орта (ауа, май, вакуум және т.с.с.)

5.2.5 Аппараттың әсер ету шарты

5.2.5.1 Операция жасау тәсілі (жетек түрі бойынша)

Мысалы: қолдық, электромагнитті, қозғалтқышты, пневматикалық, электропневматикалық.

5.2.5.2 Басқару тәсілі

Мысалы:

- автоматтық (сынақты немесе тізбекті басқарудың ауыстырып қосқыштары);
- автоматтық емес (қолдық жетек немесе басылатын батырмалар көмегімен);
- жартылай автоматтық (яғни жартылай автоматтық, жартылай автоматтық емес).

5.2.5.3 Белгілі типтердегі іске қосқыштар үшін ауыстырып қосу тәсілі

Жұлдызша-үшбұрыш тізбекті іске қосқыштардың, реостатты роторлы іске қосқыштардың немесе автотрансформаторлы іске қосқыштардың ауыстырып қосылуы автоматты, автоматты емес немесе жартылай автоматты болуы мүмкін (4 және 5 суреттерді қараңыз).

5.2.5.4 Белгілі типтердегі іске қосқыштар үшін байланыстыру тәсілі

Мысалы: тізбегі ажыратылған іске қосқыштар, тізбегі ажыратылмаған іске қосқыштар (5-суретті қараңыз).

5.3 Басты тізбек параметрлерінің номиналды және шекті мәндері

Түйістіргіш немесе іске қосқыш параметрлерінің номиналды мәндерін 5.3.1 - 5.4, 5.8 және 5.9 сәйкес көрсету керек, бірақ барлық тізбектелген параметрлерді емес.

ЕСКЕРТПЕ Реостатты роторлы іске қосқыштың номиналды мәндерін 5.3.1.2, 5.3.2.3, 5.3.2.6, 4.3.2.6, 5.3.2.7 және 5.3.5.5 бойынша көрсетеді, бірақ міндетті түрде барлық тізбектелген параметрлерін емес.

5.3.1 Номиналды кернеулер

Түйістіргіш немесе іске қосқыш келесі номиналды кернеулерді сипаттайды.

5.3.1.1 Номиналды жұмыс кернеуі (U_e)

Қолданылады IEC 60947-1 (тт. 4.3.1.1).

5.3.1.1.1 Статордың номиналды жұмыс кернеуі (U_{es})

Реостатты роторлы іске қосқыштар үшін статордың номиналды жұмыс кернеуі, статордың номиналды жұмыс тоқ үйлесімінде, оған қосылған механикалық коммутациялық аппараттармен және қосылатын әрі ажыратылатын қабілеттіктерінің ара қатынасы белгіленетін, пайдалану тәртібі және іске қосқыш сипаттамаларымен бірге статор тізбегінің қолдану саласын анықтайтын, мәні болып табылады. Статордың максимал номиналды жұмыс кернеуі еш жағдайда, оқшаулау бойынша сәйкесінше номиналды кернеуден аспау керек.

ЕСКЕРТПЕ Номиналды жұмыс кернеуі фазааралық кернеу ретінде өрнектеледі.

5.3.1.1.2 Ротордың номиналды жұмыс кернеуі (U_{er})

Реостатты роторлы іске қосқыштар үшін – бұл кернеудің статордың номиналды жұмыс тоқ үйлесімінде, оған қосылған механикалық коммутациялық аппараттармен және қосылатын әрі ажыратылатын қабілеттіктерінің ара қатынасы белгіленетін, пайдалану тәртібі және іске қосқыш сипаттамаларымен бірге статор тізбегінің қолдану саласын анықтайтын, мәні. Ол қозғалтқыштың тоқталу және статорға оның номиналды кернеуін беруде, ротор тізбегінің ажырауы шартында түйіспе сақиналар арасында өлшенетін, кернеуге теңеседі.

Ротордың номиналды жұмыс кернеуі іске қосу кезеңінің қысқа мерзіміне ғана беріледі. Сондықтан роторды оқшаулау бойынша номиналды кернеуі ротордың номиналды жұмыс кернеуімен 100 %-ды асуы рұқсат етіледі.

Іске қосқыш роторы тізбек бөліктерінің (мысалы, коммутациялық аппараттармен, кедергілермен, байланыстармен және т.с.с.) кернеуінде тұратындардың арасындағы максимал кернеуінің әр түрлі мәндері болуы мүмкін, бұны аппаратты және оның орналасу орнын таңдағанда ескеру қажет.

5.3.1.2 Оқшаулау бойынша номиналды кернеу (U_i)

Қолданылады IEC 60947-1 (тт. 4.3.1.2).

5.3.1.2.1 Статорды оқшаулау бойынша номиналды кернеу (U_{is})

Реостатты роторлы іске қосқыштар үшін статорды оқшаулау бойынша номиналды кернеу, статордың қоректену тізбегіне қосылған және олардың жүйелерін біріктіретін, электр оқшаулау мен кему арақашықтығын сынауларының арақатынасын белгілейтін, аппараттар үшін белгіленетін мәні болып табылады.

5.3.1.2.2 Роторды оқшаулау бойынша номиналды кернеу (U_{ir})

Реостатты роторлы іске қосқыштар үшін роторды оқшаулау бойынша номиналды кернеу, ротордың тізбегіне қосылған және олардың жүйелерін (байланыстар, кедергілер, қабықшалар) біріктіретін, электр оқшаулау мен кему арақашықтығын сынауларының арақатынасын белгілейтін, аппараттар үшін белгіленетін мәні болып табылады.

5.3.1.3 Номиналды импульстік ұсталатын кернеу (U_{imp})

Қолданылады IEC 60947-1 (тт. 4.3.1.3).

5.3.1.4 Автотрансформаторлы іске қосқыштың номиналды іске қосқыш кернеуі

Автотрансформаторлы іске қосқыштың номиналды іске қосқыш кернеуі, трансформатордан берілетін төмендетілген кернеу болып табылады.

Номиналды іске қосқыш кернеуінің ерекше мәндері номиналды жұмыс кернеуінің 50 %, 65 % немесе 80 % құрайды.

5.3.2 Тоқтар мен қуаттар

Түйістіргіш немесе іске қосқыш төмендегі тоқтарды сипаттайды.

ЕСКЕРТПЕ Жұлдызша-үшбұрыш тізбекті іске қосқыштағы бұл тоқтар үшбұрыш байланысын сипаттайды, ал екі сатылы автотрансформаторлы немесе роторлы іске қосқыштарда – қосылу қалпын.

5.3.2.1 Ашық орындаудағы шартты жылу тоқ (I_{th})

Қолданылады IEC 60947-1 (тт. 4.3.2.1).

5.3.2.2 Қабықшадағы шартты жылу тоқ (I_{the})

Қолданылады IEC 60947-1 (тт. 4.3.2.2).

5.3.2.3 Статордың шартты жылу тоғы (I_{ths})

Іске қосқыш статорының шартты жылу тоғы 5.3.2.1 және 5.3.2.2 сәйкес ашық орындаудағы I_{ths} немесе қабықшадағы I_{thes} деп айырылады.

Реостатты роторлы іске қосқыш статорының шартты жылу тоғы – бұл 9.3.3.3 бойынша сынауларда, оның әр түрлі бөліктерінің температурасының жоғарлауы 8.2.2 көрсетілген, шектерден шықпайтындай етіп, 8-сағаттық уақытта (5.3.4.1 қараңыз) жүргізе алатын, максимал тоқ.

5.3.2.4 Ротордың шартты жылу тоғы (I_{thr})

Іске қосқыш роторының шартты жылу тоғы 5.3.2.1 және 5.3.2.2 сәйкес ашық орындаудағы I_{ths} немесе қабықшадағы I_{thes} деп айырылады.

Реостатты роторлы іске қосқыш роторының шартты жылу тоғы – бұл 9.3.3.3 бойынша сынауларда, оның әр түрлі бөліктерінің температурасының жоғарылауы 8.2.2 көрсетілген, шектерден шықпайтындай етіп, 8-сағаттық уақытта (5.3.4.1 қараңыз) ротордың тоғы қосылған қалпында, яғни кедергілерді ажыратқаннан кейін іске қосқыштың бөліктері жүргізетін, максимал тоқ.

ЕСКЕРТПЕ 1 Іске қосқыштың қосылған қалпында нөлдік тоқ өтетін элементтерде (коммутациялық аппараттарда, байланыстыру өткізгіштерде, кедергілерде), пайдаланудың номиналды тәртібінде (5.3.4 қараңыз) өндірушімен көрсетілген, интеграл мәні температураның жоғарлауы 8.2.2 көрсетілгеннен жоғары мәніне жетпейтіндігін тексеріп тұру керек

$$\int_0^e i^2 dt$$

ЕСКЕРТПЕ 2 Егер кедергілер іске қосқышқа енгізілсе, температураның жоғарылауын ескеру қажет.

5.3.2.5 Номиналды жұмыс тоқтар (I_e) немесе номиналды жұмыс қуаттары

Номиналды жұмыс кернеуді (5.3.1.1 қараңыз), ашық орындаудағы немесе қабықшадағы түйістіргіш немесе іске қосқыштың шартты жылу тоғын, номиналды жиіліктегі артық жүктемелі реленің номиналды тоғын (5.3.3 қараңыз), пайдаланудың номиналды тәртібін (5.3.4 қараңыз), қолдану санатын (5.4 қараңыз) және қорғаныс қабықшасының типін (ол бар болғанда) ескеріп, түйістіргіш пен іске қосқыштың номиналды жұмыс кернеуді өндіруші көрсетеді.

Жеке қозғалтқыштардың тікелей коммутациялау аппараттары үшін номиналды жұмыс тоғы туралы ақпаратты, осы аппараттар арналған қозғалтқыштың максимал

номиналды шығатын қуаты (белгілі номиналды жұмыс кернеуде) туралы деректермен ауыстыруға немесе толықтыруға болады. Өндіруші тоқ пен қуат арасындағы қабылданған қатынасын көрсету керек.

ЕСКЕРТПЕ G қосымшасы номиналды жұмыс тоқ пен номиналды жұмыс қуат арасындағы қатынасқа тиісті мәнді береді.

Іске қосқыштар үшін номиналды жұмыс тоғы I_e – бұл оның қосылған қалпындағы тоғы.

5.3.2.6 Статордың номиналды жұмыс тоқтары (I_{es}) немесе номиналды жұмыс қуаты

Реостатты роторлы іске қосқыштар үшін, осы іске қосқышта белгіленген артық жүктемелі реленің, осы іске қосқышта белгіленген, артық жүктемелі реленің номиналды тоғын, статордың номиналды жұмыс кернеуін (5.3.1.1.1 қараңыз), ашық орындаудағы немесе қабықшадағы іске қосқыштардың шартты жылу тоғын, пайдаланудың номиналды тәртібінің (5.3.4 қараңыз) номиналды жиілігін (5.3.3 қараңыз), қорғаныс қабықшасының іске қосқыш сипаттамалары мен типін ескеріп, өндіруші статордың номиналды жұмыс тоғын көрсетеді.

Номиналды жұмыс тоқ туралы ақпаратты, іске қосқыштың осы статорлы элементтері арналған, қозғалтқыштың максимал номиналды шығатын қуатын (статордың белгілі номиналды жұмыс кернеуі) көрсетумен ауыстыруға болады. Өндіруші қозғалтқыш қуаты мен статор тоғы арасындағы қабылданған қатынасын көрсету керек.

5.3.2.7 Ротордың номиналды жұмыс тоғы (I_{er})

Реостатты роторлы іске қосқыштар үшін, ротордың номиналды жұмыс кернеуін (5.3.1.1.2 қараңыз), ашық орындаудағы немесе қабықшадағы ротордың шартты жылу тоғын, пайдаланудың номиналды тәртібінің (5.3.4 қараңыз) номиналды жиілігін (5.3.3 қараңыз), қорғаныс қабықшасының іске қосқыш сипаттамалары (5.3.5.5 қараңыз) мен типін ескеріп, өндіруші ротордың номиналды жұмыс тоғын көрсетеді.

Қозғалтқыш толық жүктememен жұмыс істегенде, байланыстар бойымен өтетін тоққа қысқа тұйықталған роторға теңеледі, ал статорға номиналды кернеулі және жиіліктік тоқ беріледі.

Егер реостатты роторлы іске қосқыштың роторлы бөлігі номиналды сипаттама бойынша ерекшеленсе, ротордың номиналды жұмыс тоғы туралы ақпаратты іске қосқыштың осы бөлігі (коммутациялық аппараттар, байланыстыру өткізгіштері, реле, кедергі) арналған, қозғалтқыштың максимал номиналды шығатын қуатын (ротордың берілген номиналды жұмыс кернеуі) көрсетумен толықтыруға болады. Бұл қуат, соның ішінде, іске қосқанда қарастырылатын айналу сәтіне, және іске қосқыш сипаттамаларға (5.3.5.5 қараңыз) байланысты өзгертіледі.

5.3.2.8 Номиналды үзіліссіз тоқ (I_u)

Қолданылады IEC 60947-1 (тт. 4.3.2.4).

5.3.3 Номиналды жиілік

Қолданылады IEC 60947-1 (тт. 4.3.3).

5.3.4 Пайдаланудың номиналды тәртіптері

Қолданылады IEC 60947-1 (т. 4.3.4).

5.3.4.1 Сегіз сағаттық (үзілісті-созылмалы) тәртіп

Қолданылады IEC 60947-1 (тт. 4.3.4.1) келесі толықтырумен.

Жұлдызша-үшбұрыш тізбекті екі сатылы автотрансформаторлы немесе реостатты роторлы іске қосқыш үшін – бұл тәртіпте іске қосқыш жылулық тепе-теңдікке жету үшін, белгіленген тоқты жеткілікті ұзақ, бірақ 8 сағаттан көп емес үзіліссіз жүргізгенде, іске

қосқыш қосылған қалпында тұрады, ал оның коммутациялық аппараттар құрамдастарының басты түйіспелері тұйық болып қалады.

5.3.4.2 Үзіліссіз тәртіп

Қолданылады IEC 60947-1 (тт. 4.3.4.2) келесі толықтырумен.

Жұлдызша-үшбұрыш тізбекті екі сатылы автотрансформаторлы немесе реостатты роторлы іске қосқыш үшін – бұл тәртіпте белгіленген тоқты 8 сағаттан аса (апталар, айлар, жылдар) үзіліссіз жүргізгенде, іске қосқыш қосылған қалпында тұрады, ал осы қалыпта түйықталған, оның коммутациялық аппараттар құрамдастарының басты түйіспелері үзіліссіз тұйық болып қалады.

5.3.4.3 Қайталамалы-қысқа уақытты кезеңдік немесе қайталамалы-қысқа уақытты тәртіп

Қолданылады IEC 60947-1 (тт. 4.3.4.3) келесі толықтырумен.

Төмендетілген кернеудегі іске қосқыш үшін – бұл тәртіпте іске қосқыш қосылған қалпында тұрады, ал осы қалыпта түйықталған, оның коммутациялық аппараттар құрамдастарының басты түйіспелері кезеңдер аралығында тұйық болып қалады, бұл кезеңдер тоқсыздандырылған кезеңдердің белгілі бір қатынасымен байланысты, сондай-ақ осы және басқа да кезеңдер іске қосқыш жылулық тепе-теңдікке жетуге үлгермейтіндей, тым қысқа.

Қайталамалы-қысқа уақытты тәртіптің болжамданған кластары:

- түйістіргіштер үшін: 1, 3, 12, 30,1 20, 300 және 1200 (сағатта операция жасау айналымдарда);
- іске қосқыштар үшін: 1, 3, 12 және 30. (сағатта операция жасау айналымдарда)

Операция жасау айналымы – бір тұйықталудан және бір ажыратудан тұратын, толық жұмыс айналымы екенін ескерген жөн. Іске қосқыштар үшін операция жасау айналымы толық жылдамдыққа іске қосуды, жұмысты және қозғалтқыштың қоректенуін ажыратуды қосады.

ЕСКЕРТПЕ Қайталамалы-қысқа уақытты тәртіптегі іске қосқыштарда артық жүктемелі релесі мен қозғалтқыштың жылулық тұрақты уақыттың айырмасы, жылулық реленің артық жүктемеден қорғау үшін жарамсыздығына себепші болуы мүмкін. Қайталамалы-қысқа уақытты тәртіпте пайдалануға арналған, қондырғыларды артық жүктемеден қорғау мәселесін өндіруші мен тұтынушы арасында келісу ұсынылады.

5.3.4.4 Қысқа уақытты тәртіп

Қолданылады IEC 60947-1 (тт. 4.3.4.4).

5.3.4.5 Кезеңдік тәртіп

Қолданылады IEC 60947-1 (тт. 4.3.4.5).

5.3.5 Қалыпты жүктеу мен артық жүктеме кезіндегі сипаттамалары

Қолданылады IEC 60947-1 (т. 4.3.5) келесі толықтырумен.

5.3.5.1 Қозғалтқыштарды коммутацияланғанда артық жүктеме тоқтарға қарсы тұрақтылық

Түйістіргіштерді қанағаттандыруы қажет, талаптар 8.2.4.4 келтірілген.

5.3.5.2 Номиналды қосылатын қабілеттілік

Қолданудың әр түрлі санаттарына арналған талаптар 8.2.4.1 құрамында (5.4 қараңыз). Қосылатын және ажыратылатын қабілеттер мәндерінің, тек 8.2.1.1 және 8.2.1.2 талаптарына сәйкес, түйістіргішпен немесе іске қосқышпен операция жасағанда ғана күші бар.

5.3.5.3 Номиналды ажыратылатын қабілеттілігі

Қолданудың әр түрлі санаттарына арналған талаптар 8.2.4.1 құрамында (5.4 қараңыз). Қосылатын және ажыратылатын қабілеттер мәндерінің, тек 8.2.1.1 және 8.2.1.2

талаптарына сәйкес, түйістіргішпен немесе іске қосқышпен операция жасағанда ғана күші бар.

5.3.5.4 Шартты жұмыс қабілеттілігі

Қосылу және ажырату сериясы ретінде 8.2.4.2 анықталады.

5.3.5.5 Іске қосқыштардың қосқыш және тоқталу сипаттамалары

Іске қосқыштарды пайдаланудың типтік шарттары (6-суретті қараңыз) төмендегілер болып табылады:

a) пайдаланудың қалыпты шарттарда жұмыс істеген, қозғалтқыштың ажыратылуымен айналудың бір бағыты (АС-2 және АС-3 қолдану санаттары);

b) айналудың екі бағыты, бірақ іске қосқышты ажыратқанда және қозғалтқыш толық тоқтатылғаннан кейін айналудың екінші бағытын жүзеге асырумен (АС-2 және АС-3 қолдану санаттары);

c) айналудың бір немесе тізбелеу бойынша b) екі бағыты, бірақ жиі емес қайталамалы-қысқа уақытты қосулардың мүмкіндігімен (соққы тәртібінде). Әдетте тікелей әсердегі іске қосқыштар үшін (АС-3 қолдану санаты);

d) жиі қайталамалы-қысқа уақытты қосулармен айналудың бір бағыты (соққы тәртібінде). Әдетте тікелей әсердегі іске қосқыштар үшін (АС-4 қолдану санаты);

e) айналудың бір немесе екі бағыты, бірақ, егер бұл қарастырылса, ротор (реверсивті іске қосқыштарда тежелумен) тізбегіндегі кедергілерді қолданғанда тежелумен үйлесетін, қозғалтқышты тоқтату үшін жиі емес қарсы тоқпен тежеу мүмкіндігімен – әдетте реостатты роторлы іске қосқыштар үшін (АС-2 қолдану санаты);

f) айналудың бір бағыты, бірақ қозғалтқыштың екінші бағытта айналуын жүзеге асыру үшін, бір бағытта (қарсы тоқпен тежеу) айналатын, қозғалтқыштың қоректену байланыстарын ауыстырып қосу мүмкіндігімен, пайдаланудың қалыпты шартында жұмыс істейтін, қозғалтқыштың ажыратылуымен - әдетте тікелей әсердегі іске қосқыштар үшін (АС-4 қолдану санаты).

Басқа нұсқаулар жоқ болғанда, іске қосқыштар 7-кесте бойынша қосылу қабілетімен үйлесетін, қозғалтқыштардың іске қосқыш сипаттамалары негізінде жобаланады. Қосылатын қабілеттігінің мәндері өтпелі, сондай-ақ стандартты қозғалтқыштар басым көпшілігінің белгіленген қосқыш тоқтарына да таралады. Бірақ кейбір ірі қозғалтқыштардың қосқыш тоқтары 7-кестеде сыналатын тізбек үшін көрсетілгеннен, елеулі төмен, қуат коэффициенттеріне сәйкес келетін, үлкен мәндеріне жете алады. Осы жағдайларда, түйістіргіштің немесе іске қосқыштың жұмыс тоғы түйістіргіш немесе іске қосқыштың қосылу қабілеттілігі жоғары болмайтындай етіп, номиналды мәнінен төменге дейін азайтылу керек.

5.3.5.5.1 Реостатты роторлы іске қосқыштардың қосқыш сипаттамалары

Түйіспе сақиналары бар қозғалтқыштардың статор және ротор тізбектеріндегі тоқтар мен кернеулерді айыру керек. Бірақ қалыпты жұмыс шарттарда статор мен ротор тізбектеріндегі тоқ мәнінің өзгеруі іске қосудың әр түрлі сатыларында шамамен пропорционал.

Ротордың тізбегін келесі негізгі сипаттамалармен анықтайды:

U_{er} – ротордың номиналды жұмыс кернеуі;

I_{er} – ротордың номиналды жұмыс тоғы;

Z_r – түйіспе сақиналары бар қозғалтқыш асинхронды роторының толық кедергісі, мұндағы $Z_r = \frac{U_{er}}{\sqrt{3} \times I_{er}}$;

I_1 – кедергілер секцияларының қысқа тұйықталу алдындағы ротор тізбегіндегі тоқ;

I_2 – кедергілер секцияларының қысқа тұйықталудан кейінгі ротор тізбегіндегі тоқ;

$I_m = 1/2(I_1 + I_2)$;

T_e – қозғалтқыштың номиналды жұмыс айналу сәті;

t_s – бастапқы уақыты;

k – қосудың қаттылығы $= \frac{I_n}{I_{er}}$.

Реостатты роторлы іске қосқыштарды қолданудың көптеген салаларында оларға өте ерекше талаптарды қоятыны белгілі, соның нәтижесінде тек қосудың саты саны және I_1, және I_2 мәндері ғана емес, сондай-ақ кедергілердің бөлек секциялары үшін I_1, және I_2 мәндері де айырылады. Сондықтан стандартты параметрлерді орнату әрекеті жасалмаған, бірақ келесі факторларды ескеру ұсынылады:

- көптеген жағдайларда, айналу сәтіне, жүктеме инерциясына және талап етілетін қосудың қаттылығына байланысты, іске қосудың екіден алты сатыға дейінгісі жеткілікті;

- кедергілер секциялары, айналу сәтіне және жүктеме инерциясына тәуелді, іске қосу уақытын ескере отырып, номиналды жылу сипаттамалармен жобалану керек.

5.3.5.5.2 Реостатты роторлы іске қосқыштардың қосқыш сипаттамаларына тәуелді қосу мен ажыратудың стандартты шарттары

Бұл шарттар 7-кестеде келтірілген және жоғары айналу моментпен қосу үшін күші бар (механикалық түйіспе аппараттардың белгіленуін 4-суретте қараңыз).

ЕСКЕРТПЕ Толық және 50 %-ды моменттермен қосу шарттары зерттелу сатысында.

АС-2 қолдану санатындағы қосу мен ажырату шарттары 7-кестеге сәйкес стандартты болып есептеледі. Іске қосқыштың мақсаты, барлық реостатты роторлы коммутациялық аппараттар, статорлы коммутациялық аппараттан бұрын, немесе шамамен онымен бір уақытта тарқалатындай етіп, есептелу керек. Қарсы жағдайда, статорлы коммутациялық аппарат АС-3 қолдану санатының талаптарын қанағаттандыру керек.

5.3.5.5.3 Екі сатылы автотрансформаторлы іске қосқыштардың қосқыш сипаттамалары

Басқа нұсқаулар жоқ болғанда автотрансформаторлы іске қосқыштарды және әсіресе автотрансформаторларды жобалау тәртіптің барлық кластары үшін іске қосылу уақыты (5.3.4 қараңыз) 15 с аспау керек, деген алғышартына негізделеді. Бір сағатта іске қосқыш айналымдарының саны, келесі айналымның алдында іске қосқыш пен автотрансформатордың қоршаған ауа температурасына дейін салқындау мүмкіндігі қамтамасыз етілуі керек кезде, екі операция жасау айналымдары бірінен соң бірі тез ілесетін жағдайлардан басқа, қосылу арасындағы интервалдар бірдей болуымен бағаланады.

Егер қосудың 15 с асатын уақыт талап етілсе, оны өндіруші мен тұтынушы арасында келісу керек.

5.3.6 Қысқа тұйықталудың номиналды шартты тоғы

Қолданылады IEC 60947-1 (тт. 4.3.6.4).

5.4 Қолдану санаттары

5.4.1 Жалпы ереже

Қолданылады IEC 60947-1 (4.4-бөлімше) келесі толықтырумен.

Түйістіргіш пен іске қосқыштар үшін 1-кесте бойынша қолдану санаттары стандартты болып есептеледі. Кез-келген басқа қолдану өндіруші мен тұтынушы арасында келісу керек, бірақ осы келісу ретінде каталог немесе өндіруші проспект құрамындағы ақпарат пайдалануы мүмкін.

Қолданудың әрбір санаты тоқтардың, кернеулердің, қуат немесе тұрақты уақыт және 7 және 10-кестелердегі басқа параметрлер коэффициенттерінің мәндерімен және осы стандарт бойынша сынақтар шарттарымен сипатталады. Сондықтан түйістіргіш пен олардың қолдану санаттарын анықтайтын іске қосқыштар үшін, номиналды қосатын және

ажырататын қабілеттіктерін бөлек көрсету міндетті емес, өйткені олардың мәндері 7-кесте бойынша қолдану санаттарына тікелей байланысты.

Барлық қолдану санаттарындағы кернеу – түйістіргіш немесе бұл реостатты роторлы іске қосқыштан басқа, іске қосқыштың номиналды жұмыс кернеуі және реостатты роторлы іске қосқыш үшін статордың номиналды жұмыс кернеуі.

Тікелей әсердегі барлық іске қосқыштар қолданудың бір немесе бірнеше санаттарына жатады: АС-3, АС-4, АС-7b, АС-8a және АС-8b.

Жұлдызша-үшбұрыш тізбекті барлық іске қосқыштар және екі сатылы автотрансформаторлы іске қосқыштар АС-3 қолдану санатына жатады.

Реостатты роторлы іске қосқыштар АС- қолдану санатына жатады.

5.4.2 Сынаулар нәтижелері негізінде қолдану санаттарын иемдену

а) Бір қолдану санатқа сыналған немесе параметрлердің (мысалы, максимал жұмыс кернеуі, тоғы және т.с.с.) кез-келген қисындастыруда, түйістіргіш пен іске қосқышқа сынаусыз қолданудың басқа санаттарын иемденуге болады, егер сыналатын тоқтар, кернеулер, қуат немесе тұрақты уақыт коэффициенттері, операция жасау саны, тоқтың ағу және 7 және 10-кестелер бойынша тоқсыздандыру уақыты және қолдану санаттары үшін белгіленетін сыналатын тізбектер, берілген түйістіргіш пен іске қосқыш мәжбүрленген сынаулардан аса қатты емес сынаулармен қамтамасыз етсе, ал температураның жоғарлауы созылмалы тәртіптегі максимал номиналды жұмыс тоғынан төмен емес тоқта тексерілсе. Мысалы, қолданудың АС-4 санатына сынаудан кейін түйістіргішке АС-3 қолдану санатсын иемденуге болады, егер бірдей жұмыс кернеуде АС-3 санаттағы I_e АС-4 санаттағы 1,2 I_e аспаса.

b) DC-3 және DC-5 санаттардағы түйістіргіштерді төмендегі шарттарда сыналатындардан ерекшеленетін, жүктеме тізбектерін тұйықтауға және ажыратуға қабілетті деп есептейді:

- кернеу мен тоқ көрсетілген U_e және I_e мәндерден аспайды;
- фактылық жүктемеге жиналған энергия J, сынауларда пайдаланылған, жүктемелерде жиналған энергиядан J_c аспайды.

Сыналатын тізбектегі жиналған, энергияның мәндері:

Қолдану санаты	Жиналған энергия J_c
DC-3	$0{,}00525 \times U_e \times I_e$
DC-5	$0{,}0315 \times U_e \times I_e$

Константалардың 0,00525 және 0,03150 мәндері формуламен анықталған:

$$J_c = 1/2 \times LI^2,$$

Мұндағы, уақыт тұрақтысы келесі мәндермен ауыстырылады: $2{,}5 \times 10^{-3}$ (DC-3) және 15×10^{-3} (DC-5);

$U = 1{,}05U_e$;

$I = 4I_e$;

L – сыналатын тізбектің индуктивтілігі.

(7-кестені қараңыз).

1-кесте - Қолдану санаттары

Ток түрі	Қолдану санаттары	Санаттардың қосымша белгіленуі	Қолдану саласы
АС (айнымалы)	АС-1	Әдеттегі пайдалану	Индуктивті емес немесе әлсіз индуктивті жүктемелер, кедергі пештері,түйіспе сақиналары бар қозғалтқыштар: іске қосу, ажырату
	АС-2		
	АС-3		Қысқа тұйықталған роторы бар қозғалтқыштар: іске қосу, алдын ала тоқтатпай ажырату[a)]
	АС-4		Қысқа тұйықталған роторы бар қозғалтқыштар: іске қосу, қарсы токпен тежеу, қайталамалы-қысқа уақытты қосулар
	АС-5a	Іске қосуды реттейтін аппаратура	Разрядты электр шамдарын коммутациялау
	АС-5b	Қыздыру шамдары	Қыздыру шамдарын коммутациялау
	АС-6a		Трансформаторларды коммутациялау
	АС-6b		Конденсатор батареяларын коммутациялау
	АС-7a[c)]		Тұрмыстық және ұқсас қолданыстағы әлсіз индуктивті жүктемелер
	АС-7b[c)]		Тұрмыстық қолданыстағы қозғалтқыш жүктемелер
АС (айнымалы)	АС-8a		Артық жүктеменің қолдық взводты ағытқыштары бар компрессор тоңазытқыштардың герметикалық қозғалтқыштарын [b)] басқару
	АС-8b		Артық жүктеменің автоматты взводты ағытқыштары бар компрессор тоңазытқыштардың герметикалық қозғалтқыштарын [b)] басқару
DC (тұрақты)	DC-1	Қыздыру шамдары	Индуктивті емес немесе әлсіз индуктивті жүктемелер, кедергі пештері
	DC-3		Шунтты қозғалтқыштар: іске қосу, қарсы токпен тежеу, қайталамалы-қысқа уақытты қосулар
	DC-5		Тұрақты ток қозғалтқыштарының динамикалық ажырауы
	DC-6		Қыздыру шамдарын коммутациялау

1-кесте *(жалғасы)*

[a] АС-3 санаты қайталамалы-қысқа уақытты қосуларды немесе шектелген қызметтің қарсы тоқпен тежелуді, мысалы механизмді жөндегенде, қарастыруы мүмкін; осы шектелген кезеңдерге әсер ету саны 1 минут ішінде бестен немесе 10 минут ішінде 10 аспау керек.
[b] Компрессор тоңазытқыштың герметикалық қозғалтқышы сыртқы біліксіз немесе оның тығыздауынсыз, бір қабықшаға жиналған, компрессор мен қозғалтқыш қисындысы болып табылады, сонда қозғалтқыш тоңазытқышта жұмыс істейді.
[c] АС-7а және АС-7b үшін [9] қараңыз.

5.5 Басқару тізбектері

Қолданылады IEC 60947-1 (4.5 бөлімше); сонда электромагниттің электронды басқару, Қолданылады IEC 60947-1 (т. 4.5.1) келесі толықтырумен.

Электронды бөлігі, оның құрастырылған қызметін қамтамасыз ететін, құрастырылған немесе бөлек бөлігін түзуі мүмкін. Екі жағдайда да, құрылғы қалыпты жұмыс қалпына орнатылған, электронды бөлігімен сыналу керек.

Басқарудың электронды тізбектерінің сипаттамалары келесідей:

- ток типі;
- қуаттық тұтынуы;
- номиналды жиілік (немесе тура ток);
- басқару тізбегінің номиналды кернеуі, U_c (ерекшеліктері: айнымалы ток/тұрақты ток);
- басқару тізбегі қоректенудің номиналды кернеуі, U_s (ерекшеліктері: айнымалы ток /тұрақты ток);
- басқару тізбектері сыртқы құрылғыларының ерекшеліктері (түйіспелері, датчиктер, контакты, датчики, оптобулар, электронды белсенді компоненттер)

Е қосымшасында әр түрлі тізбектер кескіндерінің мысалдары мен суреттері келтірілген.

ЕСКЕРТПЕ Бақылау кіріс белгісі болып табылатын, басқару тізбегінің кернеуі, U_c мен басқару тізбегіндегі электр қоректену жабдығы блогының кіріс энергиясын қамтамасыз ету үшін қолданылатын және құрастырылған трансформаторларды, түзегіштерді, резисторларды, электрондық сұлбаларды және т.б. қолдану салдарынан U_c ерекшеленуі мүмкін, басқару тізбегінің қоректену кернеуі, U_s арасында айырмашылық жасалады.

5.6 Қосалқы тізбектер

Қолданылады IEC 60947-1 (4.6-бөлімше).

Қозғалтқыштардың түйістіргіштері мен іске қосқыштар құрамындағы және ӘБ байланысымен электр өткізгіш желілері бойынша үйлесетін, сандық кіріс деректер және/немесе сандық шығыс деректер IEC 60947-1 талаптарына жауап беру керек (S қосымшасы).

5.7 Реле мен ағытқыштардың сипаттамалары (артық жүктемелі релесі)

ЕСКЕРТПЕ осы стандарттың төмендегі мәтініндегі «артық жүктемелі релесі» сөздері жағдайлар бойынша, тең мөлшерде артық жүктемелі релеге де және артық жүктеме ағытқышқа да қатысты.

5.7.1 Сипаттамалар тізімі

Реле мен ағытқыштар келесі сипаттамалармен анықталу керек (орынды болғанда):

- реле немесе ағытқыш типімен (5.7.2 қараңыз);
- параметрлермен (5.7.3 қараңыз);
- артық жүктемелі реленің белгіленуі және ток белгіленген мәндерімен (5.7.4 қараңыз);

- артық жүктемелі реленің уақыт-ток параметрлерімен (5.7.5 қараңыз);
- қоршаған ауа температурасының әсерімен (5.7.6 қараңыз).

5.7.2 Реле немесе ағытқыш типтері

a) шунтты катушкасы бар ағытқыш (тәуелсіз ағытқыш).

b) Минималды реле немесе ажыратудың кернеу және ток ағытқышы.

c) Уақыт төзімі төмендегідей артық жүктемелі релесі:

1) Алдыңғы жүктемеден тәуелсіз

2) Алдыңғы жүктемеге тәуелді;

3) Алдыңғы жүктемеге тәуелді және, бұдан басқа, фазаның түсуіне сезімтал.

d) Максимал реле немесе лездік әрекеттегі ток ағытқышы (орынды болғанда).

e) Басқа реле ағытқыштар (мысалы, фазаның түсуіне сезімтал реле, іске қосқыштың жылулық қорғаныс құрылғыларымен байланысты, басқару релесі).

f) Тежеу релесі немесе ағытқыштары.

5.7.3 Сипаттық мәндері

a) Шунтты катушкасы бар ағытқыш ажырататын реле немесе кернеу жетіспегенде (ток жетіспегенде), артық кернеуде (лездік артық токта), ток немесе кернеу тұрақсыздығында және фазаның айналғанда, әсер ететін ағытқыш:

- номиналды кернеу (ток);
- номиналды жиілігі;
- жұмыс кернеуі (ток);
- жұмыс уақыты (егер қолданылса);
- тыйым уақыты (егер қолданылса).

b) Артық жүктемелі релесі:

- белгіленуі мен токты белгілеу мәні (5.7.4 қараңыз);
- қажет болғанда, номиналды жиілік (мысалы, трансформатор тоғынан қоректенумен артық жүктемелі реле үшін);
- уақыт бойынша ток сипаттамасының өзгеруі (немесе сипаттамалар диапазоны), қажет болғанда;
- 2-кесте бойынша топтастыруға сәйкес, ағыту класы немесе 8.2.1.5.1, 3-кестеде, D –бағанада көрсетілген шарттарда, ағытудың максимал уақыты (секундтарда), егер бұл уақыт 40 с асса;
- реленің жұмыс істеу принципі: термиялық, магниттік, электронды немесе термиялық жадысыз элекетронды (8.2.1.5.1.2 сәйкес, термиялық жады сынауынан өтпеген, электронды реле таңбалану керек ~~Ттп~~);
- қолдық және /немесе автоматтық қайтару принципі; жұмыс қалпын қолдық немесе автоматтық қайтарудың құрамдалған жағдайларда белгілену керек;
- реленің 10А класты артық жүктемеден қорғаудың ағыту уақыты, минус 5 °С немесе одан төмен температурада 2 минуттан ұзағырақ (8.2.1.5.1.1 қараңыз, тізбелеу с));

c) реледен ағыту, сезімтал қалдық токқа:

- номиналды ток;
- жұмыс тоғы;
- жұмыс уақыты немесе Н.1-кестеге сәйкес, уақыт бойынша жұмыс тоғының өзгеріс сипаттамалары;
- тыйым уақыты (егер қолданылса);
- типтің белгіленуі (Н қосымшасын қараңыз).

2-кесте - Артық жүктемелі релесінің ағыту кластары

Ағыту класы	8.2.1.5.1, 3-кестеге, D-бағанаға сәйкес келетін, шарттардағы ағыту уақыты, T_p [a], с	Тар шектерде жіберу үшін (Е топтағы жіберу шектері) 8.2.1.5.1, 3-кестеге, D-бағанаға сәйкес келетін, шарттардағы ағыту уақыты, T_p [a], с
2	-	$T_p \leq 2$
3	-	$2 < T_p \leq 3$
5	$0{,}5 < T_p \leq 5$	$3 < T_p \leq 5$
10A	$2 < T_p \leq 10$	-
10	$4 < T_p \leq 10$	$5 < T_p \leq 10$
20	$6 < T_p \leq 20$	$10 < T_p \leq 20$
30	$9 < T_p \leq 30$	$20 < T_p \leq 30$
40	-	$30 < T_p \leq 40$

[a] Өндіруші Е тобымен сәйкестігін растау үшін, үйлестіру кластарына Е әрпін қосу керек.

ЕСКЕРТПЕ 1 Реле түріне байланысты ағыту шарты 8.2.1.5 келтірілген.

ЕСКЕРТПЕ 2 Реостатты роторлы іске қосқышта жүктеу релесі, ереже бойынша, статор тізбегіне қосылады. Сондықтан ол ротордың тізбегін тиімді қорғауға қабілетсіз, соның ішінде кедергі (іс жүзінде, дұрыс емес іске қосылған жағдайда, істен шығатындар, ротор немесе коммутациялық аппараттар өздерінен жеңіл); ротор тізбегінің қорғалуы өндіруші мен тұтынушы арасында ерекше келісу керек (8.2.1.1.3 қараңыз).

ЕСКЕРТПЕ 3 Екі сатылы автотрансформаторлы іске қосқышта іске қосқыш автотрансформатор тек іске қосу кезеңінде ғана пайдалануға арналған; соның нәтижесінде, іске дұрыс емес қосылған жағдайда, артық жүктемелі реле оны тиімді қорғауға қабілетсіз. Автотрансформатордың қорғанысы өндіруші мен тұтынушы арасында ерекше келісу керек (8.2.1.1.4 қараңыз).

ЕСКЕРТПЕ 4 Қыздырғыштар мен технологиялық рұқсаттардың айырылатын сипаттамаларын өтеу үшін төмендетілген шекті мәндер, T_p таңдалады.

5.7.4 Артық жүктемелі релесін белгілеу және тоқты белгілеу мәндері

Артық жүктемелі релесін тоқты белгілеу мәнімен (егер ол реттелетін болса, тоқты белгілеу мәні диапазонының жоғарғы және төменгі шектерімен) және ағыту класымен белгілейді.

Тоқты белгілеу мәнін (немесе тоқтық қондырғылардың диапазоны) релеге таңбалау керек.

Егер тоқтық қондырғыға пайдалану шарттары немесе релеге, сондай-ақ оның алмалы-салмалы бөліктеріне (мысалы, қыздыру элементтерде, басқару катушкасы немесе ток трансформаторы) таңбалау орынды болмайтын, басқа факторлар әсер етсе, өндірушіден немесе оның каталогынан, жіберушімен бірге жеткізілетін құжаттан қажетті ақпаратты алу мүмкіндігін беретін, нөмірді немесе айыратын белгіні белгілеу керек.

Ток трансформатордан қоректенетін артық жүктемелі реле жағдайында, бұл белгіленулер осы релені қоректендіретін, алғашқы тоқ трансформаторына немесе артық жүктемелі реленің тоқтық қондырғысына жатқызылуы мүмкін. Кез-келген жағдайда трансформациялау коэффициенті орнатылу керек.

5.7.5 Артық жүктеме уақыты бойынша жұмыс тоғының өзгеру сипаттамалары

Уақыт бойынша жұмыс тоғы өзгеруінің типтік сипаттамалары өндірушімен қисықтар түрінде берілу керек. Олар бойынша, ағыту уақытының суық қалпынан бастап тоққа байланысты, берілген релені пайдалану болжамданатын, қозғалтқыштың толық жүктеуінің, ең кем дегенде, 8-еселі тоқ деңгейіне дейін қалай өзгеретіні көріну керек. Өндіруші сәйкес тәсілмен осы қисықтар бойынша жалпы рұқсат етілетін ауытқуларды және осы қисықтарды құруда пайдаланған, өткізгіштердің көлденең қимасын көрсету қажет (9.3.3.2.2 қараңыз, тізбелеу с)).

ЕСКЕРТПЕ Логарифмдік шәкілді пайдалана отырып, тоқты абсцисса осі бойымен, уақытты – ордината осі бойымен алу ұсынылады. Тоқты тоқтық қондырғының еселі түрінде өрнектеуге ұсынылады, уақытты – секундтарда. Сипаттамаларды құру [6], т. 5.6.1 және 1-сурет, сондай-ақ [7], 104, 504 және 505-суреттерге сәйкес орындалу керек.

5.7.6 Қоршаған ауа температурасының әсері

Уақыт бойынша жұмыс тоғының өзгеруі (5.7.5 қараңыз) қоршаған ауа температурасының белгілі бір мәніне сәйкес келеді және артық жүктемелі реленің алдыңғы жүктемесінің (яғни бастапқы суық жағдайының) жоқтығы алғышартына негізделеді. Қоршаған ауа температурасының мәні уақыт бойынша жұмыс тоғының өзгеру сипаттамалары көмегімен қисықтарда нақты көрсетілу қажет; артықшылығы бар мәндер 20 °С немесе 40 °С.

Артық жүктемелі релесі қоршаған ауаның минус 5 °С-дан 40°С-ға дейінгі температураларда жұмысқа қабілетті болу керек, және өндіруші қоршаған ауа температурасы өзгерісінің артық жүктемелі реле сипаттамаларына әсерін көрсету керек.

5.8 Қысқа тұйықталудан қорғау аппараттармен үйлестіру

Түйістіргіштер мен іске қосқыштар үшін үйлестіру параметрлердің номиналды мәндер типімен және іске қосқыш пен түйістіргіш арасында қысқа тұйықталу тоқтарынан қорғауды қамтамасыз ететін, қысқа тұйықталудан қорғау аппараттарының (ҚТҚА) сипаттамаларымен сипатталады. Бұл талаптар осы стандарттың 8.2.5.1, 8.2.5.2 және IEC 60947-1 (4.8-бөлімше) құрамында.

5.9 Күші жойылған

5.10 Автоматты ауыстырып қосқыштардың және үдеу реттегіштерінің типтері мен сипаттамалары

5.10.1 Типтері

a) Уақыт төзімі бар құрылғылар, мысалы басқару құрылғыларында қолданылатын, түйістіргіш реле (IEC 60947-5-1 қараңыз) немесе уақыт төзімі бар екі позициялы логикалық реле (IEC 61810-1 қараңыз).

b) Тоқтың минималды құрылғылары (тоқтың минималды релесі).

c) Жылдамдатуды автоматты реттеуге арналған басқа құрылғылар:

- вольтметрлік реттегіштер;
- ваттметрлік реттегіштер;
- тахометрлік реттегіштер.

5.10.2 Сипаттамалары

a) Уақыт төзімі бар құрылғылардың сипаттамалары:

- уақыттың номиналды төзімі (немесе уақыт төзімінің диапазоны), егер ол реттелетін болса;
- катушкасы, номиналды кернеуі бар, уақыт төзімі бар құрылғылар үшін, егер ол іске қосқыштың номиналды кернеуінен ерекшеленсе.

b) Тоқтың минималды құрылғыларының сипаттамалары:

- номиналды тоқ (өндірушінің қалауы бойынша, жылулық және/немесе номиналды қысқа уақытты төзімді тоқ);
- тоқтық қондырғы (немесе қондырғылардың диапазоны), егер ол реттелетін болса.

c) басқа құрылғылардың сипаттамалары өндіруші мен тұтынушы арасындағы келісіммен анықталу қажет.

5.11 Екі сатылы автотрансформаторлы іске қосқыштарға арналған автотрансформаторлардың типтері мен сипаттамалары

Іске қосқыш сипаттамаларын ескеріп, іске қосқыш автотрансформаторлар сипатталады:

- автотрансформатордың номиналды кернеуімен;
- айналу сәті мен тоқтың іске қосқыш мәндерін реттеу үшін пайдалануға болатын, бұрулар санымен;
- іске қосқыш кернеумен, яғни бұрылыстардың шығуларында, автотрансформатордың номиналды кернеуден пайыздарда;
- олар белгіленген уақытты өткізе алатын тоқпен;
- пайдаланудың номиналды тәртібімен (5.3.4 қараңыз);
- салқындату тәсілімен (әуелік, майлы).

Автотрансформаторлар болуы мүмкін:

- іске қосқышқа құрастырылған, және осы жағдайда, іске қосқыштың номиналды сипаттамаларын анықтағанда нәтиже беретін, температураның жоғарлауын ескеру керек;
- немесе бөлек қойылатын, және осы жағдайда, байланыстыратын байланыстардың түрі мен өлшемдеріне қатысты автотрансформатор өндірушісі мен іске қосқыш өндірушісі арасындағы келісімі қажет.

5.12 Реостатты роторлы іске қосқыштарға арналған іске қосқыш кедергілердің типтері мен сипаттамалары

Іске қосқыш сипаттамаларын (5.3.5.5.1 қараңыз) ескеріп, іске қосқыш кедергілер анықталу керек:

- роторды оқшаулау бойынша номиналды кернеумен (U_{ir});
- олардың белсенді кедергісінің мәнімен;
- кедергілерді көрсетілген уақытта жүргізе алатын, орнатылған тоқтың мәнімен анықталатын, орташа жылу тоғымен;
- пайдаланудың номиналды тәртібімен (5.3.4 қараңыз);
- салқындату тәсілімен (ауаның алмасуы, майға мәжбүрлі әуелік батыру).

Кедергілер болуы мүмкін:

- іске қосқышқа құрастырылған, және осы жағдайда, іске қосқыштың басқа бөліктерінің бұзылуын болдырмау үшін, нәтиже беретін температураның жоғарлауын шектеу керек;
- немесе бөлек қойылатын, және осы жағдайда, байланыстыратын байланыстардың түрі мен өлшемдеріне қатысты кедергілер мен іске қосқыштар өндірушілері арасындағы келісімі қажет.

6 Бұйым туралы ақпарат

6.1 Ақпараттың сипаттамасы

Өндірушімен келесі ақпарат берілуі керек.

6.1.1 Сәйкестендіру

a) Өндірушінің атауы немесе сауда таңбасы.

b) Типтік белгіленуі немесе сериялық нөмірі.

c) Осы стандарттың белгіленуі.

6.1.2 Сипаттамалары, басты номиналды мәндері мен тағайындалуы

Сипаттамалары:

d) Номиналды жұмыс кернеуі (5.3.1.1 қараңыз).

e) Аппараттардың номиналды жұмыс кернеуіндегі қолдану санаты және номиналды жұмыс тоқтары (немесе номиналды қуаттар) (5.3.2.5 және 5.4 қараңыз).

f) Номиналды жиіліктің немесе 50 Гц/60 Гц номиналды жиіліктердің мәні немесе белгіленуі ⎓, немесе басқа номиналды жиіліктердің, мысалы 16 2/3 Гц, 400 Гц;

g) Қайталамалы-қысқа уақытты тәртіптің класын, қажет жағдайда, егер орынды болса (5.3.4 қараңыз), 10-кестенің d)-түсіндірмесінде көрсетілгендей, ажырату уақытын көрсетумен, пайдаланудың номиналды тәртібі.

Қосымша параметрлер:

h) Номиналды қосатын және ажырататын қабілеттіктері. Орынды болғанда, осы деректерді қолдану санатымен ауыстыруға болады (7-кестені қараңыз).

Орнату қауіпсіздігі мен шарты:

i) оқшаулау бойынша номиналды кернеу (5.3.1.2 қараңыз);

j) номиналды импульсті төзімді кернеу (5.3.1.3 қараңыз), ол анықталғанда;

k) қабықшадағы аппараттар үшін IP коды (8.1.11 қараңыз);

l) ластану дәрежесі (7-тарауды қараңыз);

m) – түйістіргіш немесе іске қосқыш үшін: қысқа тұйықталудың номиналды шартты тоғы (5.3.6 қараңыз), үйлестіру типі (8.2.5.1 қараңыз) және ҚТҚА байланысты типі, номиналды тоғы және сипаттамалары

- іске қосқыш құрамдасы үшін, ауыстырып қосу құрамдасының құрылғысы, қорғалған іске қосқыштар немесе қорғалған ауыстырып қосатын құрылғылар: қысқа тұйықталудың номиналды шартты тоғы (5.3.6 қараңыз) және үйлестіру типі (8.2.5.1 қараңыз);

n) күші жойылған.

Басқару мақсаты:

Басқару тізбектері туралы келесі ақпарат катушкаға немесе аппаратқа енгізілу керек:

o) басқару тізбегінің номиналды кернеуі (U_c), ток түрі және номиналды жиілік;

ЕСКЕРТПЕ 1 Тұтынатын қуат сияқты басқа мәліметтер мысалы, әдебиеттерде көрсетілуі мүмкін.

p) егер талап етілсе, басқару тізбегінің номиналды кіріс кернеуі (U_s);

Қысылған ауада жұмыс істейтін, іске қосқыштарға немесе түйістіргіштерге ауаны жіберу жүйесі:

q) Қысылған ауаның номиналды кіріс қысымы және осы қысымның тербелістер шегі, егер олар 8.2.1.2 көрсетілгендерден ерекшеленсе.

Қосалқы тізбектер:

r) қосалқы тізбектердің номиналды параметрлері (5.6 қараңыз).

Артық жүктемелі релесі және ағытқышы:

s1) 5.7.2, 5.7.5 және 5.7.6 бойынша сипаттамалары;

s2) 5.7.3 және 5.7.4 бойынша сипаттамалары;

Кейбір типтегі түйістіргіш пен іске қосқыштар үшін қосымша ақпарат:

Реостатты роторлы іске қосқыштар:

t) байланыстар сұлбасы;

u) іске қосу қаттылығы (5.3.5.5.1 қараңыз);

v) іске қосу уақыты (5.3.5.5.1 қараңыз).

Автотрансформаторлы іске қосқыштар:

w) номиналды іске қосқыш кернеудің бір немесе бірнеше мәндері, яғни бұрылудың шығысындағы кернеулер.

ЕСКЕРТПЕ 2 Мәндер іске қосқыштың номиналды жұмыс кернеу пайыздарында өрнектелуі мүмкін.

Вакуумды түйістіргіштер мен іске қосқыштар:

x) орнату орнының теңіз деңгейінен максимал жеткілікті биіктігі, егер ол 2000 м кем.

ЭМҮ:

у) қоршаған орта А немесе В [IEC 60947-1 (т. 7.3.1) қараңыз].

z) ерекше талаптар (егер қажет болса), мысалы экрандалған немесе оралған сымдар.

ЕСКЕРТПЕ 3 Экрандалмаған және оралмаған сымдар жөндеу шарттары бойынша қалыпты деп есептелінеді.

6.2 Таңбалау

Түйістіргіштер, іске қосқыштар және артық жүктемелі релесі үшін келесі толықтырулармен IEC 60947-1 5.2-бөлімше) қолданылады.

6.1.2 d) - x) тізбелеулерге сәйкес, сипаттамаларды фирмалық көрсеткіш тақтада, аппаратта көрсету немесе өндірушінің жарияланымдарында келтіру керек.

6.1.1, c) тізбелеуге және 6.1.2, k) және s2) тізбелеулерге сәйкес, сипаттамалар жабдықтарда таңбалануы керек; тоқтың уақытқа тәуелдігінің сипаттамасы (немесе сипаттамалар диапазоны) өндірушінің жарияланған әдебиетінде көрсетілуі мүмкін.

Электромагниттердің электронды басқарылуы жағдайында, 6.1.2 o) және p) тізбелеулерде келтірілген, ақпарат та қажет болуы мүмкін; сондай-ақ 5.5 және Е қосымшасын қараңыз.

ЕСКЕРТПЕ АҚШ және Канадада құрамдас жабдықта 1-кестеде келтірілген, қолданыстағы қосымша санаты таңбаланады.

6.3 Жөндеу, пайдалану және қызмет көрсету бойынша нұсқау

Қолданылады IEC 60947-1 (5.3-бөлімше) келесі толықтырумен.

Өндіруші қысқа тұйықталу жағдайында, тұтынушы қабылдау қажет шаралар және, егер қажет болса, аппаратқа тиісті қабылдау керек, ЭМҮ қатысты шаралар туралы ақпаратты көрсетуге міндетті.

Қорғалған іске қосқыштар үшін, өндіруші, сондай-ақ сымдарды жөндеу және салу бойынша қажетті нұсқауларды беру қажет.

Артық жүктемелі релесін үйлестіретін, бастапқы қалпына автоматты қайтатын, автоматтық қайта іске қосылу үшін байланысатын, іске қосқыш өндірушісі статормен, пайдаланушыны автоматтық қайта іске қосу мүмкіндігі туралы хабардар ету үшін қажетті ақпаратты қамтамасыз ету керек.

7 Пайдаланудың, жөндеудің және тасымалдаудың қалыпты шарттары

IEC 60947-1 (6-тарау) келесі толықтырумен қолданылады:

Өндірушінің басқа нұсқаулары жоқ болғанда түйістіргіштерді немесе іске қосқыштарды IEC60947-1(тт. 6.1.3.2) бойынша ластану дәрежесі 3 ортада пайдалануға арналған. Бірақ, микро ортаға байланысты, ластанудың басқа дәрежелері белгіленуі мүмкін.

8 Құрылымы мен жұмыс қабілеттілігіне қойылатын талаптар

8.1 Құрылымына қойылатын талаптар

8.1.1 Жалпы ережелер

IEC 60947-1 (т. 7.1.1) қолданылады.

8.1.2 Материалдар

8.1.2.1 Материалдарға қойылатын жалпы талаптар

IEC 60947-1 (тт. 7.1.2.1) қолданылады.

8.1.2.2 Қыздыру шиыршықпен сынау

IEC 60947-1 (тт. 7.1.2.2) келесі толықтырумен қолданылады.

Егер жабдықтың немесе бөліктердің сынауы жүргізілсе, ток өткізгіш бөліктерді бекіту үшін қажетті, оқшаулағыш материалдар IEC 60947-1 (тт. 8.2.1.1.1) сәйкес, сынаудың 850 °С температурасында қыздыру шыршықпен сынауына сәйкес болу керек.

8.1.2.3 Тұтану санатына негізделген, сынау

IEC 60947-1 (тт. 7.1.2.3) қолданылады.

8.1.3 Ток өткізгіш бөліктер және олардың байланыстары

IEC 60947-1 (т. 7.1.3) қолданылады.

8.1.4 Саңылаулар және кему арақашықтығы

IEC 60947-1 (т. 7.1.4) қолданылады.

8.1.5 Жетегі

IEC 60947-1 (п. 7.1.5) келесі толықтырумен қолданылады.

Құрамдастырылған іске қосқыштың қолмен басқарылатын коммутаторлы аппарат жетегінің тұтқасын блоктауға арналған мәні көрсетілуі мүмкін.

8.1.5.1 Оқшаулау

IEC 60947-1 (тт. 7.1.5.1) қолданылады.

8.1.5.2 Қозғалыстың бағыты

IEC 60947-1 (тт. 7.1.5.2) қолданылады.

8.1.5.3 Жөндеу

Алмалы-салмалы панельдерде немесе ашылатын есіктерде жөнделетін, жетектер, панельдерді орнатқаннан немесе есіктерді жапқаннан кейін, басқару органы сәйкесінше механизмдермен дұрыс жанасатындай етіп, жобалануы керек.

8.1.6 Түйіспелердің қалыптарын көрсету

8.1.6.1 Көрсеткіштер

Қолдық іске қосқыштар үшін қолданылады IEC 60947-1 (тт. 7.1.6.1).

8.1.6.2 Жетек көмегімен көрсету

IEC 60947-1 (тт. 7.1.6.2) қолданылады.

8.1.7 Оқшаулауға сәйкес келетін, жабдыққа қойылатын қосымша талаптар

IEC 60947-1 (т. 7.1.7) қолданылады.

8.1.8 Шығарулар

IEC 60947-1 (т. 7.1.8) келесі қосымша талаптармен қолданылады.

8.1.8.1 Шығуларды сәйкестендіру және таңбалау

IEC 60947-1 (тт. 7.1.8.4) А қосымшасында келтірілген, қосымша талаптармен қолданылады.

8.1.9 Нейтрал полюстермен жабдықталған, түйістіргіштер мен іске қосқыштарға қойылатын қосымша талаптар

IEC 60947-1 (т. 7.1.9) қолданылады.

8.1.10 Қорғаныстық жерге қосу туралы ереже

IEC 60947-1 (т 7.1.10) қолданылады.

8.1.11 Жабдықтарға арналған корпустар

8.1.11.1 Құрылымы

IEC 60947-1 (7.1.11.1 тт.) келесі толықтырумен қолданылады.

Корпусқа орнатылатын, іске қосқыш резисторлар, түзілетін жылу басқа жабдыққа және корпустағы материалдарға зиян келтірмейтіндей етіп, орналастырылу немесе қорғалу керек.

Құрамдастырылған іскек қосқыштың белгілі бір жағдайы үшін қақпағы немесе есігі, қолмен басқарылатын коммутаторлы аппарат ашық қалпында болғанша, ол ашылмайтындай етіп, өзара байланыстырылу керек.

Бірақ, қолмен басқарылатын коммутаторлы құрылғыдан «қосу» позицияда құралсаймандар көмегімен, есік немесе қақпақты ашу үшін шаралар қабылдануы мүмкін.

8.1.11.2 Оқшаулау

IEC 60947-1 (тт. 7.1.11.2) қолданылады.

8.1.12 Жабық жабдықтың қорғау дәрежесі

IEC 60947-1 (т. 7.1.12) қолданылады.

8.1.13 Өткізгіштің шығуы, айналу сәті және металдық өткізгіштерді жерге қосу

IEC 60947-1 (т. 7.1.13) қолданылады.

8.2 Жұмыс сипаттамаларына қойылатын талаптар

8.2.1 Жұмыс шарты

8.2.1.1 Жалпы ережелер

IEC 60947-1 (тт. 7.2.1.1) келесі толықтырумен қолданылады.

8.2.1.1.1 Жалпы шарттары A

Іске қосқыштар төмендегідей құрастырылу керек:

a) еркін ағытылатын;

b) жұмыс қалпында және іске қосылудың кез-келген мезетінде қарастырылған құрылғыларға әсер еткенде түйіспелерді ажырату;

c) іске қосудың дұрыс айналымы бұзылғанда әсер етпеу.

8.2.1.1.2 Жалпы шарттары B

Құрамына кіретін түйістіргіштері бар іске қосқыштар, 9.3.3.1 бойынша сынауларда түйістіргіштердің әсер етуімен туындаған соққыларда, іске қосқыш бойымен қоршаған ортаның бақылау температурасында (яғни 20 °C температурада) толық жүктемедегі номиналды ток өткеннен және, егер ол реттелсе, артық жүктемелі реленің минималды және максимал орнатуларда, жылу тепе-теңдігіне жеткеннен кейін ағытылмау керек.

8.2.1.1.3 Жалпы шарттары C

Реостатты іске қосқыштардағы артық жүктемелі релесін статор тізбегіне қосу керек. Тұтынушының сұранысы бойынша ротор тізбегіндегі түйістіргіштер мен кедергілердің қатты қызудан қорғаудың арнайы шаралары рұқсат етіледі.

8.2.1.1.4 Жалпы шарттары D

Егер іске қосқыштарды, іске қосқыш кедергілердің немесе трансформаторлардың қатты қызуы ерекше қауіп тудыратындай жағдайларда пайдаланса, қауіпті температураға жеткенге дейін іске қосқышты автоматты ажыратуға арналған арнайы құрылғыны қарастыру ұсынылады.

8.2.1.1.5 Жалпы шарттары E

Көп полюсті аппараттардағы бір уақытта тұйықтауға немесе ажыратуға арналған қозғалмалы түйіспелер, қолдық немесе автоматтық басқаруды пайдаланудан тәуелсіз, барлық полюстер тоқты іс жүзінде, бір уақытта қосатындай етіп, механикалық блоктанған болу керек.

8.2.1.2 Түйістіргіштер мен іске қосқыштардың күштік жетекпен әсер ету шектері

8.2.1.2.1 Электромагнитті түйістіргіштер мен іске қосқыштар

Автономды немесе іске қосқыштар құрамындағы электромагнитті түйістіргіштер басқару тізбегінің кез-келген кіріс кернеуде U_s, оның номиналды мәнінің 85 % және 110 % шектерінде қанағатты тұйықталуы керек. Егер кернеу диапазоны көрсетілсе, оның 85 % төменгі мәні ретінде қолданылуы керек және 110 % - жоғарғы ретінде.

Түйістіргіштердің түсуі немесе толық ажыратылуы, айнымалы тоқта басқару тізбегінің номиналды кіріс кернеудің, U_s 75 %-дан 20 % дейінгі және тұрақты тоқта 75 % 10 % дейінгі шектерде болуы қажет. Егер кернеу диапазоны көрсетілсе, оның 75 % төменгі мәні ретінде қолданылуы керек және 10 % немесе 20 % (жағдайлар бойынша) - жоғарғы ретінде.

Тұйықталу шектерінің, шектелмеген қосымшада 100 % U_s және қоршаған ортаның

40 °С температурада катушканың тоқтатылған температураға жеткеннен кейін күші бар.

Катушка тізбегінің кедергісі минус 5 °С температурада жеткізілетінге эквивалентті болғанда, түсу шектерінің күші бар. Бұны қоршаған ортаның қалыпты температурасында алынған, мәндерді пайдаланып, математикалық жолмен тексеруге болады.

Пайдаланылатын жиіліктің тұрақты және айнымалы тоқтарында шектер қолданылады.

8.2.1.2.2 Электромагниттермен электронды басқарылатын түйістіргіштер мен іске қосқыштар

Қолданылады IEC 60947-1 (тт. 8.2.1.2.1) келесі толықтырумен.

Екінші абзацты келесімен ауыстыру:

Электромагниттермен электронды басқарылатын түйістіргіштердің түсу және толық ажырату шектері болу керек:

- тұрақты тоқ үшін: басқару тізбектері қоректенудің номиналды кернеуінің, U_s 75 %-дан 10 % дейін

- айнымалы тоқ үшін: басқару тізбектері қоректенудің номиналды кернеуінің, U_s 75 %-дан 20 % дейін;

- айнымалы тоқ үшін: басқару тізбектері қоректенудің номиналды кернеуінің, U_s 75 %-дан 10 % дейін, егер өндірушімен орнатылса;

- айнымалы тоқ үшін, егер өндіруші басқару тізбектері қоректенудің номиналды кернеуінің шектерін 75% және 10 % арасында орнатса, түйістіргіш қосымша 8.2.1.2.4 сәйкес, сыйымды түсу сынауына мәжбүрлену керек.

Егер кернеу диапазоны көрсетілсе, оның 75 % төменгі мәні ретінде қолданылуы керек және 10 % немесе 20 % (жағдайлар бойынша) - жоғарғы ретінде.

8.2.1.2.3 Электропневматикалық түйістіргіштер мен іске қосқыштар

Электропневматикалық және пневматикалық түйістіргіштер ауаның номиналды кіріс қысымында 85 % -дан 110 % дейінгі шектерде қанағатты тұйықталу және номиналды қысымның 75 % -дан 10 % дейінгі шектерде ажыратылу керек.

8.2.1.2.4 Сыйымды түсу сынауы

Түйістіргіш С, U_s кернеумен басқару тізбегіне тізбектей байланысу керек, байланыстыру өткізгіштерінің жалпы ұзындығы 3 м аспау керек. Түйістіргіш елеусіз кедергісі бар, коммутациялық құрылғы көмегімен қысқа тұйықталған. Кейін басқару тізбегінің қоректену кернеуі 110 % U_s дейін жоғарылатылған болу керек.

Егер коммутациялық құрылғы ашық қалпында тұрса, түйістіргіш түсетіні тексерілу керек.

Сыйымдылық мәні болу керек:

$$C\ (\text{нФ}) = 30 + 200000/(f \times U_s),$$

Мысалы, кернеуі номиналды катушка үшін 12…24 В және жиілігі 50 Гц, сыйымдылық мәні 196 нФ тең (максимал U_s есептелген, 1-ескертуді қараңыз).

ЕСКЕРТПЕ 1 Сыналатын кернеу басқару тізбектерінің номиналды кернеудің, U_s көрсетілген диапазонының ең жоғарғы мәні ретінде қабылданады.

ЕСКЕРТПЕ 2 Сыйымдылық мәні, тоқ кемуі 1,3 мА (200000 формулада 10Е+9×1,3Е-3/2×π жуық болып табылады) тұрақты шығысқа байланысқан, сымдардың ұзындығы 100 м және қимасы 1,5 мм^2 (0,3 нФ/м, бұл 100 м үшін 30 нФ эквивалентті), басқарудың типтес тізбегін қалпына келтіреді.

ЕСКЕРТПЕ 3 Түсу уақытын жиі қолданыстар үшін, мысалы авариялық ажыратуды орнату керек.

8.2.1.3 Минималды реле және кернеу ағытқыштарының әсер ету шектері

Қолданылады IEC 60947-1 (7.2.1.3 тт.) келесі толықтырумен: 9.3.3.2.2 көрсетілген сынаулар қолданылады.

8.2.1.4 Шунттайтын катушкалы ағытқыштардың жұмыс шектері (тәуелсіз ағытқыштардың)

Қолданылады IEC 60947-1 (7.2.1.4 тт.) келесі толықтырумен: 9.3.3.2.2 көрсетілген сынаулар қолданылады.

8.2.1.5 Тоқ әрекеттегі реле мен ағытқыштардың жұмыс шектері

8.2.1.5.1 Тоқты барлық полюстерге бергенде уақыт төзімі бар, артық жүктемелі реленің жұмыс шектері

8.2.1.5.1.1 Артық жүктемелі релені ажыратудың жалпы талаптары

ЕСКЕРТПЕ 1 Қоректену кернеуінде үйлесімнің қатысуымен қозғалтқыштардың жылу қорғанысы қарастыру сатысында.

Реле төменде сипатталған, сынаулардағы 3-кесте талаптарын қанағаттандыру керек:

а) қабықшада қалыпты құрастырылған, артық жүктемелі реледе немесе іске қосқышта, белгіленген мәнінен А есе асатын тоқта, ағыту 3-кестеге сәйкес қоршаған ауаның бақылау температурасында, суық қалпынан бастап 2 сағаттан кейін болу керек. Егер артық жүктемелі реленің шығыстары сыналатын тоқта 2 сағат ішінде жылу тепе-теңдігіне жетсе, сынау ұзақтығы осы тепе-теңдікке жету үшін қажетті уақытқа сәйкес болуы мүмкін;

b) кейін тоқ белгіленген мәнінен *B*-есеге дейін ұлғайғанда, ағыту 2 сағаттан кейін болу керек;

c) белгіленген мәнінен *C* есе асатын тоқпен қоректенетін, 2, 3, 5 және 10А кластары үшін артық жүктеме IEC 60034-1, п. 9.3.3 сәйкес, белгіленген мәніне тең тоқта жылулық тепе-теңдігінен бастап, 2 минуттан кейін ағытылу керек; 10А класты артық жүктемелі реле үшін қоршаған ауаның минус 5 °С немесе одан төмен температурада өндіруші ажыратудың көп, бірақ 20 °С температурада талап етілетін, мәнінен 2 еседен аспайтын уақытын орната алады;

ЕСКЕРТПЕ 2 IEC 60034-1, т. 9.3.3 белгілейді: «315 кВ аспайтын номиналды кіріс қуаты және 1кВ аспайтын номиналды кернеуі бар, көп фазалы қозғалтқыштар 2 минуттан кем емес аралықта номиналды тоқтан 1,5 есе асатын тоққа төзу керек».

d)) белгіленген мәнінен *C* есе асатын тоқпен қоректенетін, 10, 20, 30 және 40 кластары үшін артық жүктеме белгіленген мәніндегі тоқта жылулық тепе-теңдігінен бастап, сәйкесінше 4, 8, 12 немесе 16 минуттан кейін ағытылу керек;

e) белгіленген мәнінен *D* есе асатын тоқта, ағыту сәйкесінше ағыту класы үшін 2-кестеде көрсетілген шектерде суық қалпынан бастап болу керек.

Тоқ бойынша берілген мәніндегі диапазонда артық жүктемелі реле үшін, реле максимал және минималды белгіленген мәндеріне сәйкес келетін тоқтарды жүргізгенде, бұл әсер ету шектерінің күші болу керек.

Өтелмеген артық жүктемелі реле үшін «тоқ еселігі/қоршаған орта температурасы» тәуелділігі 1,2 %/К аспау керек.

ЕСКЕРТПЕ 1,2 %/К мәні – поливинилхлоридті оқшауланған өткізгіштер сапасы нашарлауының сипаттамасы.

Артық жүктемелі релені өтелген деп есептейді, егер ол 20 °С температурада 3-кесте талаптарына сәйкес келсе және басқа температураларда 3-кестеде белгіленген, шектерден шықпаса.

3-кесте - Тоқты барлық полюстерге жібергенде уақыт төзімі бар артық жүктемелі реленің әсер ету шектері

Артық жүктемелі реленің түрі	Белгіленген мән тоғының көбейткіші				Қоршаған ауа температурасының мәні
	A	*B*	*C*	*D*	
Қоршаған ауа температурасының өзгеруіне өтелмеген жылу түрі	1,0	1,2[b)]	1,5	7,2	40 °C
Қоршаған ауа температурасының өзгеруіне өтелмеген жылу түрі	[d)]	[d)]	-	-	минус 5 °C төмен[e)]
	1,05	1,3	1,5	-	минус 5 °C
	1,05	1,2[b)]	1,5	7,2	20 °C
	1,0	1,2[b)]	1,5	-	40 °C
	[d)]	[d)]	-	-	40 °C жоғары[e)]
Электронды түрі	1,05	1,2[b)]	1,5	7,2[a)]	0 °C, 20 °C[c)] және 40 °C

[a)] Бұл сынау тек 20 °C температурада жүргізілген болу керек.
[b)] Егер өндірушімен белгіленсе, ажырау тоғы 120 % ерекшеленуі мүмкін, бірақ 125 % аспау керек. Осы жағдайда сыналатын тоқтың мәні ажырау тоғының осы мәніне тең болу керек. Бұл жағдайда ажырау тоғының мәні құрылғыда белгіленуі керек.
[c)] Сынаулар 20 °C температурада тек тоқтың белгіленген мәнінің *A* және *B* көбейткіштері үшін жүргізіледі.
[d)] Белгіленген мән тоғының көбейткіштерін өндірушіге белгілеу керек.
[e)] Минус 5 °C -тан 40 °C дейінгі диапазон шегінен шығатын, сынаулар үшін 9.3.3.2.2 қараңыз.

8.2.1.5.1.2 Жылулық жадыны сынау верификациясы

Өндіруші құрылғыда жылулық жады жоқтығын анықтау керек жағдайлардан басқа, артық жүктеме электронды релелер келесі талаптарға жауап беру керек (8-суретті қараңыз):

- құрылғы жылулық тепе-теңдікке жетпегенше, I_e тең тоқты қолдану;
- салыстырмалы қателікпен ± 10 %, тоқты $2 \times T_p$ уақыт кезеңіне үзу (мұндағы T_p – 3-кестеге сәйкес, *D* тоқта өлшенген уақыт;
- 7,2× I_e тең тоқты қолдану;
- реле T_p уақыттың 50 % шектерінде ажыратылу керек.

8.2.1.5.2 Тоқты екі полюске жібергенде үш полюсті жылу реленің әсер ету шектері

4-кестені қараңыз.

Артық жүктемелі релені немесе іске қосқышты қалыпты құрастырылған қабықшада сынайды. Үш полюске белгіленген мәнінен *A* есеге асатын, тоқты жібергенде, ағыту 4-кестеге сәйкес, қоршаған ауа температурасында, суық қалпынан бастап, 2 сағаттан кейін болу керек.

Бұдан басқа, екі полюске (фаза түсуіне сезімтал реледе – үлкен тоқты өткізетін, полюске) жіберілетін тоқ, берілген мәнінен *B*-есеге дейін ұлғайса, ал үшінші полюс тоқсыздандырылса, ағыту 2 сағаттан аз болу керек.

Бұл мәндер полюстердің барлық құрамдастары үшін күші бар.

Тоқ бойынша белгіленген мәнімен реттелетін реле үшін, реле максимал және минималды белгіленген мәндеріне сәйкес келетін тоқтарды жүргізгенде, бұл сипаттамалардың күші болу керек.

4-кесте - Тоқты тек екі полюске жібергенде үш полюсті жылу артық жүктемелі реленің әсер ету шектері

Артық жүктемелі реленің түрі	Белгіленген мән тоғының көбейткіші		Қоршаған ауа температурасының мәні, °С
	A	*B*	
Қоршаған ауа температурасының өзгеруіне қатысты жылу, өтелген немесе электронды	Үш полюс 1,0	Екі полюс 1,32	20 °С
Фаза түсуіне сезімтал емес		Бір полюс 0	
Қоршаған ауа температурасының өзгеруіне қатысты жылу, өтелмеген	Үш полюс 1,0	Екі полюс 1,25	40 °С
Фаза түсуіне сезімтал емес		Бір полюс 0	
Қоршаған ауа температурасының өзгеруіне қатысты жылу, өтелген немесе электронды	Екі полюс 1,0	Екі полюс 1,15	20 °С
Фаза түсуіне сезімтал	Бір полюс 0,9	Бір полюс 0	

8.2.1.5.3 Лездік әрекеттегі магнитті артық жүктемелі реленің әсер ету шектері

Тоқтың белгіленген кез-келген мәндерінде Лездік әрекеттегі магнитті артық жүктемелі релелер тоқтың белгіленген мәнінен ± 10 % дәлдікпен ағытылу керек.

ЕСКЕРТПЕ Осы стандартпен қамтылған, лездік әрекеттегі магнитті релелер қысқа түйықталудан қорғауға арналмаған.

Егер реверстейтін тізбек екі түйістіргіштердің бір уақытта қоректендіре алса, бір уақытта қоректендірумен тағы 10 қосымша айналымдарды орындау керек.

e) Реостатты роторлы іске қосқыштар статор тізбегінің коммутациялық аппараттардың номиналды қосылатын және ажыратылатын қабілеттіліктері. Статор тізбегінің коммутациялық аппараттардың номиналды қосылатын және ажыратылатын қабілеттіліктерін, 9.3.3.5.5, b)-тізбелеуге сәйкес тексеру керек, АС-2 қолдану санаты үшін, мұндағы $I_e = I_{er}$ (іске қосқыш есептелген, ротордың максимал номиналды тоғы); $U_e = U_{er}$ (ротордың номиналды жұмыс кернеуі), ал U/U_e 0,8 теңесу керек. Қуат коэффициенті 0,95 құрау керек. Осы сынауларды жүргізгенде іске қосқыш кедергілерді ажыратуға болады, ал іске қосқыштардың екіден артық сатысы бар сынауларын әрбір коммутациялық аппаратта кезектесіп жүргізу керек. Екіден артық сатысы бар іске қосқыштардың ротор тізбегіндегі коммутациялық аппараттары, ротордың толық кернеуінде тоқты ажыратпайды және қоспайды, сыналатын кернеуді қатынасқа пропорционал төмендетуге болады:

Егер түйістіргіш, статор тізбегіндегі ажыратқыш ротор тізбегіндегі коммутациялық аппараттардың тұйықталуына дейін тізбекті үзетіндей, байланысса, ажыратқыш қабілетін тексеру талап етілмейді.

Келтірілген талаптарды қанағаттандыратын, ротор тізбегіндегі коммутациялық аппараттар үшін, қосымша сынаулар қажет емес.

f) түйістіргіш немесе іске қосқыштың қосылатын және ажырататын қабілеттіліктерін сынау кезінде және кейін, жүрісі мен жағдайы, ауыстырып қосылуы мен реверстеуі.

9.3.3.5 бойынша көрсетілген, қосылатын және ажырататын қабілеттіліктер шектеріндегі сынаулар және 9.3.3.6.1 - 9.3.3.6.6 бойынша пайдалану үрдісінде шартты жұмыс қабілеттілігін тексеру кезінде доғаның созылуы, полюстер арасындағы жабылу, жерге қосу тізбегіндегі (9.3.3.5.2 қараңыз) иілгіш элементтің балқуы және түйіспелердің дәнекерленуі рұқсат етілмейді.

Түйістіргіш немесе іске қосқышқа сәйкесінше басқару тәсілімен әсер еткенде

түйіспелер жұмыс істеу керек.

9.3.3.6 Пайдалану үрдісіндегі жұмыс қабілеттілігі

Қолданылады IEC 60947-1 (тт. 8.3.3.6) келесі толықтырумен.

Шартты жұмыс қабілеттілігіне сынау түйістіргіш немесе іске қосқыштың 10-кестедегі талаптарын қанағаттандыру қабілеттілігін тексеруге арналады.

Басты тізбекпен байланысу түйістіргіш немесе іске қосқышты пайдалану үрдісінде пайдалану үшін қарастырылғанға ұқсас болу керек.

Осы сынауларды жүргізгенде артық жүктеу релені және әске қосқыштың ҚТҚА қысқа тұйықтауға болады.

Сыналатын тізбекті 9.3.3.5.2 бойынша пайдалануға болады, ал жүктемені 9.3.3.5.3 бойынша реттеу керек.

Басқару тізбегінің кернеуі номиналды кіріс кернеудің 100 % құрау керек.

Егер іске қосқышта түйістіргіш, берілген іске қосқыштың қолдану санаты үшін 9.3.3.6.1 талаптарын өздігінен қанағаттандырса, іске қосқышты сынау талап етілмейді.

9.3.3.6.1 Түйістіргіштердің шартты жұмыс қабілеттілігі

Түйістіргіш оның қолдану санатына сәйкес, 10-кесте бойынша операция жасау айналымдарының саны аралығында тоқты қосу және ажырату керек. Сондай-ақ 9.3.3.6.4 қараңыз.

9.3.3.6.2 Тікелей әсердегі және екі айналу бағыты бар (АС-3) іске қосқыштардың, және реостатты роторлы іске қосқыштар статор тізбегінің коммутациялық аппараттардың (АС-2) шартты жұмыс қабілеттілігі.

Іске қосқыш оның сәйкесінше қолдану санатына сәйкес, 10-кесте бойынша операция жасау айналымдарының саны аралығында тоқты қосу және ажырату керек. **9.3.3.6.3 Жұлдызша-үшбұрыш тізбекті іске қосқыштардың (АС-3) және екі сатылы автотрансформаторлы іске қосқыштардың (АС-3) шартты жұмыс қабілеттілігі**

Іске қосқыш оның сәйкесінше қолдану санатына сәйкес, 10-кесте бойынша операция жасау айналымдарының саны аралығында тоқты қосу және ажырату керек.

Сынау әдістемесі, тек 50 қосуларды орындаудан басқа, 9.3.3.5.5 c)-тізбелеуге сәйкес келу керек.

9.3.3.6.4 Тікелей әсердегі және реверсивті (АС-4) іске қосқыштардың шартты жұмыс қабілеттілігі

Іске қосқыш оның сәйкесінше қолдану санатына сәйкес, 10-кесте бойынша операция жасау айналымдарының саны аралығында тоқты қосу және ажырату керек.

Сынау әдістемесі, тек 50 қосуларды орындаудан және бір уақытта қоректенудің 10 қосымша айналымдарынан басқа, 9.3.3.5.5 d)-тізбелеуге сәйкес келу керек.

9.3.3.6.5 Реостатты роторлы іске қосқыштар ротор тізбегінің коммутациялық аппараттардың (АС-2) шартты жұмыс қабілеттілігі.

Ротор тізбегінің коммутациялық аппараттардың 10-кесте бойынша АС-2 санаты үшін 9.3.3.6.1 сәйкес тексерілу керек.

Сынау әдістемесі 9.3.3.5.5 e)-тізбелеуге сәйкес келу керек.

9.3.3.6.6 Түйістіргіш немесе іске қосқыштың шартты қабілеттілікке сынау кезінде жүрісі және сынаудан кейін жағдайы

9.3.3.5.5, f)-тізбелеу талаптары орындалу қажет, ал кейін IEC 60947-1 [тт. 8.3.3.4.1, 4-тізбелеу)] сәйкес өнеркәсіптік жиіліктің верификациясы жүргізілу қажет.

Оқшаулауға сәйкес келетін, жабдық үшін сыналатын кернеуде $1{,}1U_e$, ашық қалпында түйіспелермен әрбір полюс арқылы кему тоғы өлшену керек және 2 мА аспау қажет.

Айна түйіспелермен қамтамасыз етілген, жабдықтар үшін, F.7.3 сәйкес қосымша сынау жүргізілу керек.

9.3.4 Қысқа тұйықталуда қызмет етуі

Осы тармақшада 8.2.5.1 талаптарға сәйкестігін тексеруге арналған сынау шарттары

анықталынады. Сынау әдістемесіне, сынау айналымдарына, сынаудан кейінгі аппараттардың жағдайына және үйлестіру типтеріне жататын, ерекше талаптар 9.3.4.1 және 9.3.4.2 құрамында.

9.3.4.1 Қысқа тұйықталудағы сынаулардың жалпы шарттары

9.3.4.1.1 Қысқа тұйықталудағы сынауларға қойылатын жалпы талаптар

Қолданылады IEC 60947-1 (тт. 8.3.4.1.1) келесі толықтырумен.

Ашық ауада сыналатын, құрылғылар үшін бөлек қабықшалар пайдалануы мүмкін, олар өндірушімен белгіленген, осындай кішірек қабықшаларда қосымша сыналу қажет.

Тек ашық ауада сыналатын, құрылғылар үшін, бөлек қабықша қабылданбайтынын білдіретін, ақпарат қамтамасыз етілуі керек.

Бөлек қабықша өндірушінің сипаттама құжатына сәйкес болу керек. Ұсынылған қабықшалардың көп түрін таңдау жағдайында, көлемі кіші бөлек корпус алыну қажет.

Қабықшаға жабылған стационарлы және жылжымалы тораптар IEC 61439-1 сәйкес сыналу керек.

9.3.4.1.2 Қысқа тұйықталуларда номиналды сипаттамаларды тексеруге арналған сыналатын тізбек

IEC 60947-1 (тт. 8.3.4.1.2) 1 типті үйлесім үшін Ғ икемді элемент және R_l кедергі, көлденең қимасы 6 мм^2, ұзындығы 1,2 метрден 1,8 метрге дейін, бейтарапқа немесе өндірушінің келісімі бойынша, фазалардың біреуіне байланысқан бір желілі сыммен ауыстыратынын ескермей, қолданылады.

ЕСКЕРТПЕ Ұлғайтылған қиманың сымын авариялық тоқтың детекторы сияқты емес, бұзылуын бағалауға мүмкіндік беретін, «жерге қосылды» қалпын құрау үшін пайдаланады.

9.3.4.1.3 Сыналатын тізбек қуатының коэффициенті

Қолданылады IEC 60947-1 (тт. 8.3.4.1.3).

9.3.4.1.4 Сыналатын тізбек уақытының тұрақтысы

Қолданылады IEC 60947-1 (тт. 8.3.4.1.4).

9.3.4.1.5 Сыналатын тізбекті градуирлеу

Қолданылады IEC 60947-1 (тт. 8.3.4.1.5).

9.3.4.1.6 Сынау әдістемесі

Қолданылады IEC 60947-1 (тт. 8.3.4.1.6) келесі толықтырумен.

Түйістіргіш немесе іске қосқыш және онымен байланысқан ҚТҚА немесе құрамдастырылған немесе қорғалған іске қосқышты пайдаланудың қалыпты шарттарында орнату және байланыстыру қажет. Оларды әрбір басты тізбек үшін сыналатын тізбекке максимал ұзындығы 2,4 м кабельмен қосу керек (сәйкесінше іске қосқыштың жұмыс тоғына).

Егер ҚТҚА іске қосқыштың бөліктерін құрамаса, оны жоғарыда сипатталған кабель көмегімен іске қосқышқа байланыстыру керек. (Кабельдің жалпы ұзындығы 2,4 м аспау керек).

Үш фазалы сынау бір фазалы тоқтарды пайдалануына да таралатыны, болжамданады.

9.3.4.1.7 Күші жойылған

9.3.4.1.8 Тіркеуді талдау

Қолданылады IEC 60947-1 (тт. 8.3.4.1.8).

9.3.4.2 Түйістіргіштердің, іске қосқыштардың, құрамдастырылған іске қосқыштардың, құрамдастырылған коммутациялық аппараттардың, қорғалған іске қосқыштардың және қорғалған коммутациялық аппараттардың қысқа тұйықталуының шартты тоғы

Түйістіргіш немесе іске қосқыш және онымен байланысқан ҚТҚА немесе

құрамдастырылған немесе қорғалған іске қосқыштар 9.3.4.2.1 және 9.3.4.2.2 бойынша сынауларға жатады. Бұл сынаулар АС-3 қолдану санаты үшін I_e және U_e максимал мәндерін қамтитындай етіп, жүргізілу керек.

Электромагнитті жетегі бар түйістіргіш немесе іске қосқышта электромагнит басқару тізбегі үшін көрсетілген кернеуде Us, бөлек қоректену көзінен тоқты жіберу жолымен тұйықталған қалпында тұру керек. ҚТҚА 8.2.5.1 бойынша қолданылу керек. Егер ҚТҚА – тоқ бойынша реттелетін белгіленген мәні бар автоматтық ажыратқыш болса, сынауларды жүргізу үшін осы ажыратқышты, үйлестіру мен селективтіліктің көрсетілген типі үшін ең жоғарғы белгіленген мәніне келтіру керек.

Сынау кезінде қабықшадағы барлық саңылаулар пайдаланудың қалыпты жағдайында сияқты жабық, ал есік немесе панель қарастырылған тәсілмен тұйықталған болу қажет.

Қозғалтқыштың номиналды сипаттамалардың біршама диапазонын қанағаттандыратын және ауыспалы артық жүктемелі релемен жабдықталған іске қосқыш, ең үлкен және ең кіші толық кедергісі бар және ҚТҚА сәйкес келетін, артық жүктемелі реле үйлесіміндегі сынауларға жатады.

9.3.4.2.1 және 9.3.4.2.2 көрсетілген, әрбір операция үшін 1-типті үйлестіргенде, сынау үшін жаңа үлгіні пайдалануға болады.

2-типті үйлестіргенде, күтілетін тоқта *r* (9.3.4.2.1 қараңыз) және I_q (9.3.4.2.2 қараңыз) тоқта сынау үшін бір-бір үлгіден пайдалану керек.

Өндірушімен келісу бойынша *r* және I_q тоқтарда сынау сол бір үлгіде жүргізілуі мүмкін.

9.3.4.2.1 Күтілетін тоқта *r* сынау

Тізбекті 12-кесте бойынша номиналды жұмыс тоғына I_e сәйкес келетін, күтілетін сыналатын тоққа келтіру керек.

Кейін осы тізбекке ҚТҚА немесе құрамдастырылған немесе қорғалған іске қосқышқа сәйкес келетін, түйістіргіш немесе іске қосқышты байланыстыру қажет. Операциялардың төмендегідей реттілігі орындалу керек:

ҚТҚА бір ажыратылуы, сынау алдында тұйықталған, барлық коммутациялық аппараттарда орындалу керек (әсер етуі О);

ҚТҚА бір ажыратылуы, түйістіргіш немесе іске қосқышты қысқа тұйықталуға қосу жолымен орындалу керек (әсер етуі СО).

13-кесте - Номиналды жұмыс тоғына байланысты күтілетін сыналатын тоқтың мәні

Номиналды жұмыс тоғы I_e (АС-3)[a)], А	Күтілетін тоқ «*r*», кА
$0 < I_e \leq 16$	1
$16 < I_e \leq 63$	3
$63 < I_e \leq 125$	5
$125 < I_e \leq 315$	10
$315 < I_e \leq 630$	18
$630 < I_e \leq 1000$	30
$1000 < I_e \leq 1600$	42
$1600 < I_e$	Өндіруші мен тұтынушы арасындағы келісім бойынша

[a)] Егер түйістіргіш немесе іске қосқыштың АС-3 қолдану санаты болмаса, күтілетін тоқ г өндірушімен көрсетілген, кез-келген қолдану санаты үшін ең үлкен номиналды жұмыс тоғына сәйкес болу қажет.

Қуат коэффициенті немесе уақыт тұрақтысы IEC 60947-1 (тт. 8.3.4.1.4) сәйкес болу

керек.

9.3.4.2.2 Қысқа тұйықталудың номиналды шартты тоқта I_q сынау

ЕСКЕРТПЕ Сынауды өткізеді, егер ток $I_q > r$.

Тізбекті қысқа тұйықталудың номиналды шартты тоғаны тең, қысқа тұйықталудың күтілетін тоғына I_q келтіру керек.

Егер ҚТҚА – иілгіш сақтандырғыш болса, ал сыналатын тоқ оның тоқ шектеуіш диапазонынан шықпаса, онда иілгіш сақтандырғышты мүмкіндік бойынша, максимал шекті алмаспайтын тоқты (Ір) және максимал алмаспайтын энергияны (I^2t) алумен таңдау керек.

Түйістіргіш немесе іске қосқыш және онымен байланысқан ҚТҚА немесе құрамдастырылған немесе қорғалған іске қосқышты кейін тізбекке қосу керек.

Операциялар төмендегідей реттілікте орындалу керек:

а) ҚТҚА бір ажыратылуы, сынау алдында тұйықталған, барлық коммутациялық аппараттарда орындалу керек (әсер етуі О);

в) ҚТҚА бір ажыратылуы, түйістіргіш немесе іске қосқышты қысқа тұйықталуға қосу жолымен орындалу керек (әсер етуі СО);

с) ажырату қабілеттілігі немесе құрамдастырылған іске қосқыш немесе қорғалған іске қосқыштың қысқа тұйықтаудың номиналды шартты тоғынан аз қысқа тұйықтаудың номиналды шартты тоққа, ҚТҚА коммутациялық аппараты бар құрамдастырылған немесе қорғалған іске қосқыш жағдайында келесі қосымша сынау жүргізілу қажет. ҚТҚА осы коммутациялық аппаратың (автоматтық емес немесе автоматтық ажыратқыштың) қысқа тұйықталуы жолымен бір ажыратылуы (әсер етуі СО), түйістіргіш немесе іске қосқыш жабық қалпында болу керек. Бұл операция жаңа үлгіде (іске қосқыштың және ҚТҚА) немесе өндірушінің келісімі бойынша бірінші үлгіде орындалуы мүмкін.

Осы операциядан кейін тек 9.3.4.2.3, а)-дан g)-тізбелеуге дейінгі шарттардың орындалуы ғана тексерілу керек.

9.3.4.2.3 Алынатын нәтижелер

Түйістіргіш, іске қосқыш немесе құрамдастырылған немесе қорғалған іске қосқышты күтілетін r және (орынды болғанда) I_q тоқтарда сынауға төзген деп есептеу керек, егер үйлестірудің көрсетілген типі қанағаттандырылса:

Екі типтердің үйлесімі (барлық аппараттар үшін):

а) ҚТҚА немесе құрамдастырылған іске қосқыш авариялық тоқты сәтті сөндірді, балқығыш сақтандырғыш немесе балқығыш элемент немесе қабықша мен қоректену көзі арасындағы қатты байланыс балқымаған.

b) Қабықшаның есігі немесе қақпағы үрлеу әсерінен ашылмаған, және оны ашуға болады. Қабықшаның деформациясын рұқсат етілген деп бағалайды, егер қабықшамен қамтамасыз етілетін, қорғау дәрежесі IP2X төмен болмаса.

с) Өткізгіштер немесе жетектер бұзылмаған, және өткізгіштер жетектерден үзілмеген.

d) Оқшаулағыш негіздеме шытынамаған немесе кернеудегі қандай да бір бөліктің тұтастығы бұзылғандай сынбаған.

Екі типтердің үйлесімі (тек құрамдастырылған және қорғалған іске қосқыштар үшін):

е) Автоматтық немесе автоматтық емес ажыратқышты басқару органы көмегімен қолмен ажыратуға болады.

f) ҚТҚА бірде бір ұштары тіректен ашық тоқ өткізгіш бөлігі жағына толығымен үзілмеген.

g) Егер номиналды шекті ажырататын қабілеттілігі берілген құрамдастырылған немесе қорғалған іске қосқыш үшін көрсетілген, қысқа тұйықталудың номиналды шартты

тоғынан төмен автоматтық ажыратқыш пайдаланса, осы ажыратқышты ағытуға сынау керек:

1) тоқтың 120 % ағытылғанда – реле немесе лездік әрекеттегі ағытқыштары бар автоматтық ажыратқыштар;

2) автоматтық ажыратқыштың 250 % номиналды тоғында - реле немесе артық жүктеме ағытқыштары бар автоматтық ажыратқыштар.

1-типті үйлестіру (барлық аппараттар үшін):

h) Разрядтар қабықша шегінен тыс жақтарда жоқ. Түйістіргіш және реленің бұзылуы шартты. Іске қосқыш әрбір әсер етуден кейін істен шығады. Сондықтан оны байқап көру керек, егер талап етілсе, түйістіргішті және/немесе артық жүктемелі релені және автоматтық ажыратқыштың ағытқышын қайтадан тұрғызу, ал балқығыш сақтандырғышты қорғау үшін пайдалану жағдайында – барлық балқығыш ендірмелерді ауыстыру.

1-типті үйлестіру (тек құрамдастырылған және қорғалған іске қосқыштар үшін):

i) Оқшаулаудың электр беріктілігін IEC 60947-1 [тт. 8.3.3.4.1 4)-тізбелеу] сәйкес тексереді, әрбір әсер етуден кейін (r және I_q тоқтарда) қосарланған номиналды жұмыс кернеуге тең U_e, бірақ 1000 В төмен емес, іс жүзінде синусоидты сыналатын кернеуді пайдаланумен жиынтықта бар торапты оқшаулауын сынаумен. Кернеу, ажыратылған автоматтық емес немесе автоматтық ажыратқышта 1 мин кезеңінде қоректенудің кіріс жетектеріне салыну керек:

- әрбір полюс және іске қосқыш корпусына байланысқан, барлық қалған полюстер арасында;
- өзара және іске қосқыш корпусына байланысқан, барлық полюстердің кернеудегі барлық бөліктері арасында;
- өзара байланысқан, кіріс жетектері мен өзара байланысқан, шығыс жетектері арасында.

Оқшаулауға сәйкес келетін, жабдықтар үшін сыналатын кернеуде $1{,}1U_e$ ашық қалпындағы түйіспелермен әрбір полюс арқылы кему тоғы өлшену керек, және 6мА аспау қажет.

2-типті үйлестіру (барлық аппараттар үшін):

j) Артық жүктемелі реле және басқа бөліктері бұзылмаған, бірақ түйістіргіш немесе іске қосқыштың түйіспелерін дәнекерлеу рұқсат етіледі, егер олар білінетін деформациясыз оңай ажыратылса (мысалы, бұрайтын аспаппен); бірақ балқығыш сақтандырғыштарды пайдалану жағдайында балқығыш ендірмелерден басқа, сынау кезінде өліктердің ауыстырылуы рұқсат етілмейді.

Жоғарыда сипатталғандай, түйіспелерді дәнекерлеу жағдайында, құрылғының қызмет етуін сәйкес қолдану санаты үшін 10-кестеде көрсетілген, шарттарда әсер етудің 10 айналымдарын орындаумен тексереді.

k) Артық жүктемелі релені белгіленген мәніне еселі, тоқта қысқа тұйықтауға сынауға дейін және кейін 5.7.5 бойынша ағытудың келтірілген сипаттамасына сәйкестігін тексеру керек.

l) Оқшаулаудың тепе-теңдігі IEC 60947-1 [тт. 8.3.3.4.1, 4)-тізбелеу] сәйкес, қосарланған номиналды жұмыс кернеуге тең U_e, бірақ 1000 В төмен емес, іс жүзінде синусоидты сыналатын кернеуді пайдаланумен, түйістіргіштің, іске қосқыштың, құрамдастырылған іске қосқыштың, құрамдастырылған коммутациялық аппараттың, қорғалған іске қосқыштың немесе қорғалған коммутациялық аппараттың диэлектрлік сынаумен тексерілу керек.

Құрамдастырылған іске қосқыштың, құрамдастырылған коммутациялық аппараттың, қорғалған іске қосқыштың немесе қорғалған коммутациялық аппараттың жағдайында, IEC 60947-1 [тт. 8.3.3.4.1, 3)-тізбелеу] сәйкес, басты полюстер арқылы ауыстырып қосу немесе тізбек үзілуінің ашық түйіспелерімен және іске қосқыштың

жабық түйіспелерімен қосымша сынаулар жүргізілу қажет.

Оқшаулауға сәйкес келетін, жабдықтар үшін сыналатын кернеуде $1{,}1U_e$ ашық қалпындағы түйіспелермен әрбір полюс арқылы кему тоғы өлшену керек, және 2мА аспау қажет.

Егер қолданылса, балқығыш сақтандырғыштар тұйықталған болу керек.

9.3.5 Түйістіргіштердің артық жүктеме тоқтарына төзімділігі

Осы сынау үшін, түйістіргіш 9.3.2 сәйкес орнатылу, қосылу және келтірілу керек.

Артық жүктеме тоқтың мәндерінде және 8.2.4.4 сәйкес оның өту ұзақтығында түйістіргіштің барлық полюстерін бір уақытта сынайды. Сынауды кез-келген қолайлы кернеуде және түйістіргіштің бөлме температурасында орындайды.

Сынаудан кейін түйістіргіш іс жүзінде, оның алдындағыдай, жағдайда қалу керек. Бұны көзбен шолып тексереді.

ЕСКЕРТПЕ Осы сынау нәтижелері бойынша есептелген, мәнін I^2t (Джоуль интегралы), қысқа тұйықталу шартында түйістіргіштің жұмыс қабілеттілігін бағалау үшін пайдалануға болмайды.

9.3.6 Бақылау сынаулары және таңдаулы сынаулар

9.3.6.1 Жалпы ережелер

Сынаулар осындай немесе 9.1.2 сәйкесінше бөліктерде типтік сынаулар үшін белгіленген, эквивалентті шарттарда жүргізілу керек. Бірақ 9.3.3.2 бойынша әсер ету шектерін қоршаған ауаның артық температурасында және бөлек артық жүктемелі реледе тексеруге болады, бірақ қоршаған ортаны қалыпты шарттарға келтіру үшін түзетулер қажет болуы мүмкін.

9.3.6.2 Әсер ету және оның шектері

Электромагнитті, пневматикалық және электропневматикалық түйістіргіштер немесе іске қосқыштарды 8.2.1.2 көрсетілген, шектерде әсер етуіне сынайды.

Қолдық іске қосқыштарды әсер ету дұрыстығын тексеру үшін сынайды (8.2.1.2, 8.2.1.3 және 8.2.1.4 қараңыз).

ЕСКЕРТПЕ Сынаулар үшін жылулық тепе-теңдікке жету талап етілмейді. Жылулық тепе-теңдіктің жоқтығы тізбектей қосылған кедергіні пайдаланумен немесе сәйкесінше кернеу шектерінің төмендеуімен өтелуі мүмкін.

Артық жүктемелі реленің градуирленуін тексеру үшін сынаулар қажет. Жылулық артық жүктемелі реле немесе уақыт төзімі бар электромагниттік реле үшін, бұл ағыту уақыты өндірушімен көрсетілген, қисықтарға сәйкес келетініне (рұқсаттар шегінде) көз жеткізу үшін барлық полюстерге белгіленген мәніне еселі, тоқты бір уақытта берумен жекелеген сынау болуы мүмкін; электромагнитті лездік әсердегі артық жүктемелі реле үшін сыналатын тоқ белгіленген мәнінің 1,1 тоғын құрау керек. Төменгі тоқ релесі, тоқтау релесі және үзіліс релесі үшін сынаулар осы релелердің дұрыс әсер етуін тексеру үшін жүргізілу қажет (8.2.1.5.4, 8.2.1.5.5 және 8.2.1.5.6 қараңыз).

ЕСКЕРТПЕ Сұйық катарактамен уақытқа төзу механизмімен жабдықталған, уақыт төзімі бар электромагнитті артық жүктемелі релені градуирлеу өндірушімен көрсетілген және арнайы сынау үрдісінде тексеріске берілетін, белгіленген мән тоғының пайыздық үлесін құрайтын, тоқпен бос катарактада орындалуы мүмкін.

9.3.6.3 Диэлектрлік сынаулар

Қолданылады IEC 60947-1 (тт. 8.3.3.4.2) келесі қолданумен.

Реостатты роторлы іске қосқыш жағдайында ротордың коммутациялық аппаратының барлық полюстері әдетте іске қосқыш резисторлар арқылы байланысқан;

диэлектрлік сынаулар ротор тізбегі мен іске қосқыш корпусы арасындағы қолданылатын сыналатын кернеу бойынша шектелген.

Металдық фольганы қолдану міндетті емес.

ЕСКЕРТПЕ IEC 60947-1 (тт. 8.3.3.4.2) сәйкес құрамдастырылған сынау рұқсат етіледі.

9.4 ЭМҮ сынау

9.4.1 жалпы ережелер

Қолданылады IEC 60947-1 (тт. 8.3.2.1, 8.3.2.3 и 8.3.2.4) келесі толықтырулармен.

Өндірушінің келісімімен ЭМҮ бірнеше немесе барлық сынаулар бір, жаңа немесе 9.3.1. сәйкес сынау тобынан өткен үлгіде жүргізілуі мүмкін. Сынаулардың реттілігі қайсысы ыңғайлы, кез келген болуы мүмкін.

Сынаулар хаттамасы сәйкестікке жету үшін қабылданған, барлық ерекше шараларды, мысалы экранданған немесе арнайы кабельдерді пайдалану көрсету керек. Егер түйістіргіш немесе іске қосқыштың қабылдамау немесе сәулелену бойынша талаптарына сәйкес келу үшін қосалқы жабдық пайдаланса, онда бұл сынаулар хаттамасына қосылу керек.

Сыналатын үлгі ажыратылған немесе тұйықталған қалпында (ең жаманын таңдайды) болу және басқарудың номиналды қоректенумен іске қосылу керек.

9.4.2 Бүлінуге төзімділігі

14-кесте бойынша сынаулар талап етіледі. Ерекше талаптар 9.4.2.1-9.4.2.7 көрсетілген.

Егер ЭМҮ сынау кезінде сыналатын үлгіге өткізгіштерді қосса, олардың көлденең қимасын және сым түрін шектемейді, бірақ олар өндіруші құжаттамасына сәйкес болу керек.

14-кесте - ЭМҮ төзімділігіне сынау

Сынау түрі	Сынаудың талап етілетін деңгейі
Электростатикалық разрядтарға IEC 61000-4-2 бойынша төзімділікке сынау	IEC 60947-1 (23-кесте) сәйкес сынаудың сәйкесінше деңгейі қолданылады
Сәулеленетін радиожиілікті электромагнитті өрістерге төзімділігін IEC 61000-4-3 бойынша сынау (80 МГц -1 ГГц дейін және 1,4 ГГц - 2 ГГц дейін)	IEC 60947-1 (23-кесте) сәйкес сынаудың сәйкесінше деңгейі қолданылады
Қысқа уақытты электр ырғуларға/ажырауға төзімділігін IEC 61000-4-3 бойынша сынау [a)]	IEC 60947-1 (23-кесте) сәйкес сынаудың сәйкесінше деңгейі қолданылады
Электр қоректену кернеуінің динамикалық өзгерістеріне 1,2/50 мкс – 8/20 мкс төзімділігін IEC 61000-4-5 бойынша сынау	IEC 60947-1 (23-кесте) сәйкес сынаудың сәйкесінше деңгейі қолданылады
Радиожиіліктер салдарынан кондуктивті бөгеулеріне төзімділігін IEC 61000-4-6 бойынша сынау [b) c)] (150 кГц - 80 МГц дейін) IEC 61000-4-6	IEC 60947-1 (23-кесте) сәйкес сынаудың сәйкесінше деңгейі қолданылады [d)]

[a)] Түйістіргіш сынау кезінде бір реттен кем емес әсер ету керек, және артық жүктемелі реле максимал 100 А мәнімен белгіленген мәнінің 0,9 тоғымен қоректенуі керек.

[b)] кабельдерді байланыстыру үшін қызмет ететін, жалпы ұзындығы өндірушінің функционалдық сипаттама құжатына сәйкес 3 м асуы мүмкін, жетектерге қатысты қолданылады.

[c)] Сынау деңгейі сондай-ақ 150 Ом кедергіде жүктеме тоғының эквиваленті ретінде анықталуы мүмкін.

[d)] Деңгейі 3 В болуы қажет болғанда, МСЭ өлшеу жиілігінің диапазонынан басқа

9.4.2.1 Сынау кезінде және одан кейін сыналатын үлгінің қызмет етуі

Егер басқасы көрсетілмесе, В жұмыс қабілеттілігінің критерийін қолданылады, 8.3.2.2 қараңыз.

Сынау кезінде немесе одан кейін жұмыс қабілеттілігінің жоғалуы рұқсат етілмейді. Сынаудан кейін әсер ету шектері 9.3.6.2 бойынша қоршаған ортаның температурасында тексерілу керек.

9.4.2.2 Электростатикалық разрядтар

Сынау IEC 61000-4-2 көрсетілген, тәсілдер көмегімен жүргізілу қажет.

Түйіспелі разряд пайдаланатын, металдық бөліктерден басқа, тек разрядты ауа арқылы қолданады.

Әрбір таңдаулы нүктеде, әрбір келесі жекелеген разряд арасында 1 с аралықпен 10 оң және 10 теріс импульстерді қолданады.

Күштік жетектердегі сынаулар талап етілмейді. Катушканың қоректенуінен басқа, өткізгіштердің байланысуы талап етілмейді.

9.4.2.3 Электромагниттік өріс

Сынау IEC 61000-4-3 көрсетілген, тәсілдер көмегімен жүргізілу қажет. Сынаудың IEC 61000-4-3 үрдісі қолданылу керек.

Құрылғы А критерийлерге жауап беру керек.

9.4.2.4 Наносекундты импульсті бөгеулер

Сынау қайталану жілігі 5 кГц 61000-4-4 көрсетілген, тәсілдер көмегімен жүргізілу қажет.

Импультерді құрамына электронды немесе кәдімгі түйіспелер кіретініне қарамастан, барлық басты жетектерге, басқару немесе қосалқы тізбектерінің жетектеріне қолданады.

Сыналатын кернеуді 1 минут кезеңінде қолданады.

9.4.2.5 Желі кернеуінің қысқа уақытты жоғарылауы (1,2/50 мкс – 8/20 мкс)

Сынау IEC 61000-4-5 көрсетілген, тәсілдер көмегімен жүргізілу қажет. Конденсаторлы байланыс ерекше болу керек. Желі кернеуінің қысқа уақытты жоғарылауы электронды немесе кәдімгі түйіспелер қосатынына қарамастан, барлық басты, бақылау және қосымша жетектерге қолданылу қажет.

Сыналатын кернеудің мәні 14-кестеге сәйкес болу керек, бірақ IEC 60947-1 (т. 7.2.3) сәйкес, өндірушімен көрсетілген сәйкесінше мәнінен U_{imp} аспау керек.

Қайталану жиілігі 1 минут ішінде, 5 оң және 5 теріс пульсациялар санымен кернеудің бір қысқа уақытты жоғарылауы болу керек.

9.4.2.6 Гармониктер

Зерттеу сатысында.

9.4.2.7 Индуцирленген радиожиілікті өрістердегі кондуктивті бөгеу

Қолданылады IEC 60947-1 (тт. 8.4.1.2.6) келесі толықтырумен.

Құрылғы 14-кестеде келтірілген, сынау шарттарында А критерийлерге жауап беру керек.

9.4.3 Сәулелену

А қоршаған ортаға арналған жабдықтар құрамына (мысалы, пайдалану бойынша нұсқауда) тұтынушыға, жабдықты В қоршаған ортада пайдалану радио бөгеулерді тудыру мүмкіндігі, және сол жағдайда тұтынушыға бөгеулердің әсерін азайту бойынша қосымша шаралар қажет болуы туралы ескертулер кіру керек.

9.4.3.1 Өткізгіш радио жиілікті бөгеулерге сынау

Сынаудың сипаттамасы, олардың әдістемелері мен сыналатын қондырғылары CISPR 11 келтірілген.

Сынау сәтті өту үшін, аппарат 15-кестеде көрсетілген, кернеу деңгейінен аспау керек.

15-кесте - Өткізгіш радиожиілікті бөгеулерді сынауға арналған кернеудің шекті деңгейлері

Жиіліктер диапазоны, МГц	**А қоршаған орта,** дБ (мкВ)	**В қоршаған орта,** дБ (мкВ)
0,15-тен 0,5 дейін	Квазипикалық мәні 79 Орташа мәні 66	Квазипикалық мән 66-дан 56 дейін Орташа мәні 56-дан 46 дейін (жиілік логарифммен сызықты кемиді)
0,5-тен 5,0 дейін	Квазипикалық мәні 73 Орташа мәні 60	Квазипикалық мәні 56 Орташа мәні 46
5 -тен 30 дейін	Квазипикалық мәні 73 Орташа мәні 60	Квазипикалық мәні 60 Орташа мәні 50

9.4.3.2 Сәулеленетін радио бөгеулерге сынау

Сынаудың сипаттамасы, олардың әдістемелері мен сыналатын қондырғылары CISPR 11 келтірілген.


Сынауларды басқару және қосалқы тізбектер құрамына 9 кГц жоғары негізгі коммутациялық жиіліктер, мысалы импульсті түрлендірумен қоректену көздері және т.с.с. кіретін, жағдайларда жүргізу талап етіледі.

Сынау сәтті өту үшін, аппарат 16-кестеде көрсетілген, аса жоғары деңгейдегі радио бөгеулерді сәулелемеу керек.

16-кесте - Сәулеленетін радио бөгеулерді сынауға арналған шекті деңгейлер


Жиілік жолағы, МГц	**А қоршаған орта**[a)]**,** дБ (мкВ/м)	**В қоршаған орта,** дБ (мкВ/м)
30 ден 230 дейін	Квазипикалық мәні 30 30 м	Квазипикалық мәні 30 10 м
230 ден 1000 дейін	Квазипикалық мәні 37 30 м	Квазипикалық мәні 37 10 м

[a)] Бұл сынаулар 10дБ дейінгі шектеулермен 10 м арақашықтықта жүргізілуі мүмкін дБ.



IEC 2300/2000


I_Y – жұлдызша байланысындағы тоқ; I_D - үшбұрыш байланысындағы тоқ



IEC 2301/2000


CM – Қозғалтқыштың айналу сәті; CR – жүктеменің айналу сәті

1-сурет - Жұлдызша-үшбұрыш тізбегі бойынша іске қосқандағы тоқ пен айналу сәтінің типтік қисықтары (1.1.2.2.1 қараңыз)



IEC 2302/2000


I_R – номиналды кернеудегі қозғалтқыш тоғы; I_T – төмендетілген кернеудегі қозғалтқыш тоғы; I_L - төмендетілген кернеудегі желілік тоғы



IEC 2303/2000

CR - жүктеменің айналу сәті; CM_R - номиналды кернеудегі қозғалтқыштың айналу сәті; CM_T - төмендетілген кернеудегі қозғалтқыштың айналу сәті


2-сурет - Автотрансформаторлы іске қосқандағы тоқ пен айналу сәтінің типтік қисықтары (1.1.2.2.2 қараңыз)



IEC 2304/2000

1- автоматтық ажыратқыш; 2 – түйістіргіш; 3 – артық жүктемелі релесі; 4 – басқару тізбегінің ажыратқышы; 5 – тек бір ғана магниттік ағытқышы бар автоматтық ажыратқыш; 6 - ажыратқыш-ағытқыш; 7 – балқығыш сақтандырғыш; 8 - балқығыш сақтандырғышы бар айырғыш; 9 – осы стандартқа сәйкес келетін, артық жүктеме ағытқышы бар автоматтық ажыратқыш

3-сурет - Қорғалған іске қосқыштардың, құрамдастырылған іске қосқыштардың, қорғалған коммутациялық аппараттардың, құрамдастырылған коммутациялық аппараттардың типтік нұсқаулары



IEC 2305/2000

Механикалық коммутациялық аппараттардың қалпы

Іске қосқыштың қалпы / Механикалық коммутациялық аппарат	Тоқтау	Іске қосу			Қосылған
		1-ші саты	2-ші саты	3-ші саты	
Q1	O	C	C	C	
Q2	O	O	O	C	
Q3	O	O	C	C	

O – ашық қалпындағы механикалық коммутациялық аппарат;
C – жабық қалпындағы механикалық коммутациялық аппарат; Q – түйістіргіш;
M – қозғалтқыш


4-сурет - Үш іске қосқыш сатылары және бір айналу бағыты бар үш фазалы реостатты роторлы іске қосқыш сұлбасының мысалдары (барлық механикалық коммутациялық аппараттар түйістіргіштер болып табылатын, жағдайда)

Қозғалтқыштың ажыратуынсыз біртіндеп өту


Қозғалтқышты ажыратып немесе ажыратуынсыз параллель өту

қозғалтқышты өшіріп параллель өту


Үш орамды трансформатор



Сұлба А1




Сұлба В1




Сұлба С1


Екі орамалы трансформатор



Сұлба А2



Сұлба В2



Сұлба С3

IEC 2306/2000

Түйіспелерді ауыстырып қосу реттілігі			
Түйіспелер	Іске қосу	Өту	Қосылған
Q1	С	О	О
Q2	С	С	С
Q3	О	О	С

С – тұйық түйіспе
О – ашылған түйіспе

Түйіспелерді ауыстырып қосу реттілігі					
Түйіспелер	Іске қосу	Өту			Қосылған
		Ашық	Жабық		
			1	2	
Q1	С	О	О	О	О
Q2	С	О	С	С	О
Q3	О	О	О	С	С

және Q2 бір коммутациялық аппараттың түйіспелері болуы мүмкін


Түйіспелерді ауыстырып қосу реттілігі			
Түйіспелер	Іске қосу	Өту	Қосылған
Q1	С	О	О
Q2	С	О	О
Q3	О	О	С

бір коммутациялық аппараттың түйіспелері болуы мүмкін

Т1 - автотрансформатор; М1 - қозғалтқыш

5-сурет - Айнымалы тоқ асинхронды қозғалтқыштарды автотрансформатор көмегімен іске қосуды типтік тәсілдері мен сұлбалары

ЕСКЕРТПЕ Графикалық шартты белгіленулер, барлық механикалық элементтер түйістіргіштер болып табылатын, жағдайға сәйкес келеді.




IEC 2307/2000

6-сурет - 5.3.5.5 бойынша a) -дан f) дейінгі жағдайларға сәйкес келетін, жылдамдық/уақыт қисықтарының мысалдары (қисықтардың пунктирлі бөліктері қозғалтқыштың тоқсыздандыру кезеңдерін білдіреді)



IEC 2308/2000

7-сурет - Уақыт төзімі бар өтелген артық жүктемелі релеге арналған қоршаған ауа температурасынан белгіленген мәні еселігі шектерінің тәуелділіктері (8.2.1.5.1 қараңыз)



IEC 1573/09

8-сурет - Жылулық жадыға сынау

А қосымшасы
(міндетті)

Түйістіргіш жетектерін және олармен байланысқан артық жүктемелі релені таңбалау мен сәйкестендіру

А.1 Жалпы ереже

Түйістіргіш жетектерін және олармен байланысқан артық жүктемелі релені әрбір жетектің қызметі, басқа жетектерге қатысты оның орналасуы және т.б. туралы ақпараты мақсатында сәйкестендіреді.


А.2 Түйістіргіш жетектерін таңбалау мен сәйкестендіру

А.2.1 Катушкалардың жетектерін таңбалау мен сәйкестендіру

Әріптік-сандық таңбалауды қолданумен сәйкестендіру жағдайында, электромагнитті түйістіргіш катушкаларының жетектерін А1 және А2 белгілеу керек.




МЫСАЛ




ЕСКЕРТПЕ Осының салдарынан кіріс және шығыс жетектердің жұп және тақ нөмірлері болуы мүмкін.

Екі орамы бар катушка орамдарының жетектерін А1, А2 (бірінші орам) және В1, В2 (екінші орам) таңбалау керек.



А.2.2 Басты тізбектердің жетектерін таңбалау мен сәйкестендіру

Басты тізбектердің жетектерін бір белгілі сандармен және әріпті-сандық белгілеулермен таңбалау қажет.



ЕСКЕРТПЕ Таңбалаудың күші бар балама тәсілдері, яғни 1 - 2 және L1 - T1, біртіндеп көрсетілген тәсілмен ауысады.


Балама түрде, жетектерді аппаратпен бірге жеткізілетін, коммутациялық сұлбаға сәйкестендіруге болады.

А.2.3 Қосалқы тізбектердің жетектерін таңбалау мен сәйкестендіру

Қосалқы тізбектердің жетектерін сұлбаларда екі таңбалы сандармен таңбалау немесе сәйкестендіру керек:

- бірлік орнындағы сан – функционалдық нөмірі;
- оңдықтар орнындағы сан – реттік нөмірі.

Келесі сурет таңбалау жүйесінің мысалы болып табылады



А.2.3.1 Функционалдық нөмір

1, 2 және 3, 4 нөмірлері сәйкесінше ажырататын және тұйықталатын түйіспелері бар тізбектерге иеленеді.


ЕСКЕРТПЕ 1 Тұйықталатын және ажырататын түйіспелерді анықтау IEC 60947-1, т. 2.3.12 және 2.3.13 келтірілген.

МЫСАЛ



ЕСКЕРТПЕ 2 Осы мысалдардағы нүктелер жағдайлар бойынша қойылатын, реттік нөмірлерді ауыстырады.

Ауыстырып қосылатын түйіспелері бар тізбектердің жетектерін 1,2 және 4 нөмірлерімен таңбалау керек.



5, 6 (ажыратылатын түйіспелер үшін) және 7, 8 (тұйықталатын түйіспелер үшін) нөмірлерді арнайы функциялары бар қосалқы түйіспелер кіретін, қосалқы тізбектердің жетектеріне иелендіреді.

МЫСАЛ




Тұйықталуда жерге қосумен ажырататын түйіспе

Тұйықталуда жерге қосумен тұйықтайтын түйіспе

Арнайы функциялармен ауыстырып қосатын түйіспелі элементтері бар тізбектердің жетектерін 5, 6 және 8 нөмірлермен таңбалау керек.

МЫСАЛ Екі бағыттарда баяулатумен ауыстырып қосатын түйіспе:




А.2.3.2 Реттік нөмірі


Бір түйіспелі элементке жататын, жетектерді бір нөмірмен таңбалау керек.

Функциялары бірдей, барлық түйіспелі элементтер реттік нөмірлермен айырылу қажет.

МЫСАЛ




Төрт түйіспелі элемент



Үш түйіспелі элемент

Жетектердегі реттік нөмір тек, егер бұл өндірушімен немесе тұтынушымен көрсетілетін, қосымша ақпараттарда анық түрде көрсетілген жағдайда ғана көрсетілмеуі мүмкін.



Құрылғы Құрылғы Сұлба

ЕСКЕРТПЕ Нүктелер тек өзара байланысты көрсету үшін пайдаланған және тәжірибеде қойылмайды.


А.3 Артық жүктемелі реле жетектерін таңбалау мен сәйкестендіру

Артық жүктемелі реле басты тізбектерінің жетектерін түйіспелердің басты тізбектерінің жетектеріне ұқсас таңбалау қажет (А.2.2 қараңыз).

Артық жүктемелі реле қосалқы тізбектерінің жетектерін арнайы функциялары бар түйіспелердің қосалқы тізбектердің жетектеріне ұқсас таңбалау керек (А.2.3 қараңыз).

Бірінші реттік нөмірі әрдайым 9, егер екінші жетек талап етілсе, онда 9 орнына 0 қолданылады.

МЫСАЛ



Жетектерді аппаратпен бірге жеткізілетін, коммутациялық сұлбада балама сәйкестендіруге болады.

В қосымшасы
(міндетті)

Арнайы сынаулар

В 1 Жалпы ережелер

Арнайы сынаулар өндірушінің қарауы бойынша жүргізіледі.

В 2 Механикалық беріктілігі

В 2.1 Жалпы ережелер

Шарт бойынша, түйістіргіш немесе іске қосқыш құрылымының механикалық беріктілігі, баптау немесе механикалық бөліктерді ауыстыру қажет бола бастар алдында, берілген типтегі барлық аппараттардың 90 % жететін немесе асатын, жүктемесіз операция жасау айналымдарының саны ретінде анықталынады; бірақ қалыпты баптау, соның ішінде В.2.2.1 және В.2.2.3 бойынша түйіспелерді ауыстыруға рұқсат етіледі.

Жүктемесіз операция жасау айналымдарының сандары құрайды (миллиондарда):
0,001 - 0,003 - 0,01 - 0,03 - 0,1 - 0,3 - 1 - 3 және 10.

В 2.2 Механикалық беріктіліктің верификациясы

В.2.2.1 Сынауға жататын, түйістіргіш немесе іске қосқыштың жағдайы

Түйістіргіш немесе іске қосқыш пайдаланудың қалыпты шарттары үшін орнату қажет; соның ішінде, өткізгіштер қалыпты пайдалану үшін, осындай түрде байланысу керек.

Сынауды басты тізбекте кернеу немесе ток жоқ болғанда жүргізеді. Сынау алдында түйістіргіш немесе іске қосқышты майлауға болады, егер майлайтын май қалыпты шарттардағы пайдалану үшін белгіленсе.

В.2.2.2 Жұмыс шарттары

Электромагниттік басқару катушкаларына олардың номиналды кернеуі салыну керек, егер орынды болса, олардың номиналды жиілігі.

Егер катушкаларға немесе сұлбаның пассивті компоненттеріне, операция жасау кезінде қысқа тұйықталатын немесе тұйықталмайтын, активті немесе толық кедергіні тізбектей қосса, сынауды осы кедергілерді қосумен қалыпты жұмыстағыдай жүргізу керек.

Пневматикалық немесе электропневматикалық түйістіргіштер немесе іске қосқыштарға қысылған ауаны қалыпты қысымда жіберу керек.

Қолдық іске қосқыштармен операция жасау пайдаланудың қалыпты шарттарында жүргізілу қажет.

В.2.2.3 Сынау әдістемесі

a) Сынауды қайталамалы-қысқа уақытты тәртіп класына сәйкес келетін, операция жасау жиілігімен жүргізеді. Бірақ өндірушінің операция жасаудың жиілігін ұлғайтуға құқығы бар, егер түйістіргіш немесе іске қосқыш операция жасаудың жоғарлатылған жиілігінде қойылатын талаптарды қанағаттандыруға қабілетті, деп есептелсе.

b) Электромагнитті және электропневматикалық түйістіргіштер немесе іске қосқыштарда басқару катушкасының қозу уақыты түйістіргіштер немесе іске қосқыштың әсер ету уақытынан көп болу керек, ал катушка, түйістіргіштер немесе іске қосқыш екі соңғы жағдайларда тыныштық қалпына келуге үлгеретін, уақытта тоқсызданууы керек.

Операция жасаудың орындалған айналымдарының саны, жүктеме жоқ болғанда өндірушімен белгіленген операция жасау айналымдар санынан аз болмау керек.

Механикалық беріктілікке тексеруде өзара механикалық байланыспаған, іске қосқыштың әртүрлі бөліктерін бөлек мәжбүрлеуге болады, егер алдында түйістіргішпен бірге сыналмаған, механикалық блоктау туралы әңгіме болмаса.

c) Тәуелсіз ағытқыштармен немесе кернеудің минималды ағытқыштарымен жабдықталған, түйістіргіштер немесе іске қосқыштарды сынағанда, ажыратудың жалпы санынан, кем дегенде 10 % осы ағытқыштармен орындалу керек.

d) Операция жасаудың жалпы санының әрбір оныншы бөлігін В.2.1 бойынша жүргізгеннен кейін, сынауды жалғастыру алдында рұқсат етіледі:

- Түйістіргіш немесе іске қосқышты бөлшектемей, оны толығымен тазалау;
- өндірушінің алғышарттарына сәйкес, пайдаланудың қалыпты шарттары үшін майлауға қажетті бөліктерді майлау;
- түйіспелердің жүрісін және басылуын реттеу, егер түйістіргіш немесе іске қосқыштың құрылымы мүмкіндік берсе.

e) Баптау кезінде қандай да бір бөліктердің ауысуы болмау керек.

f) Жұлдызша-үшбұрыш тізбекті іске қосқыштағы жұлдызша байланысындағы түйықталу мен үшбұрыш байланысындағы түйықталу арасындағы уақыт төзімін қамтамасыз ететін, енгізіліп құрастырылған құрылғыны, егер ол реттелетін болса, оның минималды белгіленген мәніне келтіруге болады.

g) Реостатты роторлы іске қосқыштағы іске қосу және қосылған қалпындағы түйықталу арасындағы уақыт төзімін қамтамасыз ететін, енгізіліп құрастырылған құрылғыны, егер ол реттелетін болса, оның минималды белгіленген мәніне келтіруге болады.

h) Автотрансформаторлы іске қосқыштағы іске қосу және қосылған қалпындағы түйықталулар арасындағы уақыт төзімін қамтамасыз ететін, енгізіліп құрастырылған құрылғыны, егер ол реттелетін болса, оның минималды белгіленген мәніне келтіруге болады.

В.2.2.4 Алынған нәтижелер

Механикалық беріктілікке сынаудан кейін түйістіргіш немесе іске қосқыш бұрынғысынша бөлме температурасында 8.2.1.2 және 9.3.3.2 сипатталған, шарттарда әсер етуге қабілетті болу керек. Өткізгіштерді байланыстыру үшін пайдаланатын, бөлшектердің босаңсуы болмау қажет.

Уақыттың кез-келген релесі немесе автоматтық басқарудың басқа құрылғылары жұмысқа қабілетті болып қалу керек.

В.2.2.5 Түйістіргіштер немесе іске қосқыштарды сынау нәтижелерін статистикалық талдау

Түйістіргіш немесе іске қосқыш құрылымының механикалық беріктілігі өндірушімен белгіленеді және берілген сынаудың нәтижелерін статикалық талдау жолымен тексеріледі.

Аз мөлшерде дайындалатын, түйістіргіштер немесе іске қосқыштар үшін В.2.2.6 және В.2.2.7 сипатталған сынаулар қолданылмайды.

Бірақ, аз мөлшерде дайындалатын және сипаттамаларға елеулі әсер көрсетпейтін, тек бұйымдардың өзгеруімен (яғни, елеусіз модификациялар) ғана базалық құрылымымен ерекшеленетін, түйістіргіштер немесе іске қосқыштарға өндіруші ұқсас құрастырылымдарды пайдалану тәжірибесі, материалдар қасиеттерін талдау т.с.с. негізінде және сол базалық құрылымдағы ірі сериялы аппараттарды сынау нәтижелерін талдау қорытындылары бойынша механикалық беріктілікті тағайындауы мүмкін.

Осындай тағайындаудан кейін, әрбір нақты жағдайда аса жарамды, мысалы жоспарланатын өндірістің көлеміне немесе сәйкесінше шартты жылулық тоғына байланысты, өндіруші таңдауы қажет, екі сынаудың біреуін жүргізу керек.

ЕСКЕРТПЕ Сынау әрбір партияны бақылау үшін немесе тұтынушы үшін қабылдау ретінде арналмаған.

В.2.2.6 Жекелеген сынау 8

Сегіз түйістіргіштер немесе іске қосқыштар механикалық беріктілікке сыналу керек.

Егер тоқтаулар саны екіден аспаса, сынауға төзген, деп саналады.

В.2.2.7 Қосарланған сынау 3

Үш түйістіргіш немесе іске қосқыштарды механикалық беріктілікке сынайды.

Сынауды оң деп санайды, егер тоқтаулар жоқ, және төзбеген, егер тоқтаулар бірден көп болса. Бір тоқтау жағдайында, тағайындалған механикалық беріктілікке үш қосымша түйістіргіштер немесе іске қосқыштарды мәжбүрлейді, және қосымша тоқтаулар жоқ болғанда сынауды төзген, деп санайды. Сынауды қанағатсыз деп санайды, егер екі немесе одан да көп тоқтаулар болса.

В.2.2.8 Басқа тәсілдер

IEC 60410 алынған, басқа тәсілдер де пайдаланылуы мүмкін.

Сапаны максимал бағалау деңгейі 10 % құрау керек. Таңдалған тәсіл сынаулар туралы есепте белгіленуі керек.

ЕСКЕРТПЕ Екі сынаулар: бір сатылы (сегіз түйістіргіштер/ іске қосқыштар) және екі сатылы (үш түйістіргіштер/ іске қосқыштар), IEC 60410 (X-C-2 және X-D-2 кестелерді қараңыз) келтірілген. Сынаулар, іс жүзінде статикалық сипаттамалары бірдей түйістіргіштер немесе іске қосқыштардың шектелген санын сынауға негізделген сияқты таңдалған (сапаның рұқсат етілген деңгейі 10 %).

В 3 Электротехникалық беріктілігі

В.3.1 Жалпы ережелер

Электротехникалық тозу беріктілігіне қатысты түйістіргіш немесе іске қосқыш, ол жөндеусіз немесе бөлшектерді ауыстырмай орындауға қабілетті, В.1-кесте бойынша әртүрлі қолдану санаттарына сәйкесінше жүктememен операция жасау айналымдарының санымен шартты сипатталады.

Жұлдықша-үшбұрыш тізбекті, екі сатылы автотрансформаторлы және реостаты роторлы іске қосқыштармен операция жасау үлкен вариацияларға мәжбүрленген пайдалану шартында жүргізілетіндіктен, сыналатын параметрлердің стандарты мәндерін белгілемеу қолайлы болып табылады. Бірақ, өндірушіге пайдаланудың белгілі бір шарттарында іске қосқыштың коммутациялық беріктілігін көрсету ұсынылады; беріктілік іске қосқыш құрамдас бөліктерінің сынау нәтижелері бойынша бағалануы мүмкін.

АС-3 және АС-4 санаттарда сыналатын тізбек, В.1-кестеге сәйкес, тоқтың, кернеудің және қуат коэффициентінің қажетті мәндерін қамтамасыз ете алатындай, жинақталған, катушканың индуктивтілігі мен кедергісін қосу керек; бұдан басқа, АС-4 санатта қосылу және ажырау қабілеттіліктерін тексеру үшін сыналатын тізбекті пайдалану қажет (9.3.3.5.2 қараңыз).

Барлық жағдайларда, операция жасау жылдамдығын өндіруші таңдау керек.

Сынауды қанағаттандырарлық деп есептеу керек, егер сынау хаттамасында бекітілген, мәндер келесі рұқсаттар шегінде ерекшеленсе:

- тоқ бойынша: ± 5 %;
- кернеу бойынша: ± 5 %.

Сынаулар В.2.2.1 және В.2.2.2 сәйкес келетін шарттарда, егер орынды болса, В.2.2.3 бойынша, түйіспелерді ауыстыруға тыйым салудан басқа, тәсілдермен жүргізілу керек.

Егер іске қосқыш құрамына кіретін, түйістіргіш эквивалентті сынауға төзген болса, іске қосқышты қайтадан сынамауға болады.

В.1-кесте - Жүктемедегі операция жасау айналымдарының санын тексеру. Бірнеше қолдану санаттары үшін қосу және ажырату шарттары

Қолдану санаты	Номиналды жұмыс тоғы I_e, А	Қосылуы			Ажырауы		
		I/I_e	U/U_e	Cos φ[a]	I_c/I_e	U_r/U_e	Cos φ[a]
АС-1	Кез-келген мәні	1	1	0,95	1	1	0,95
АС-2	Кез-келген мәні	2,5	1	0,65	2,5	1	0,65
АС-3	≤ 17	6	1	0,65	1	0,17	0,65
	> 17	6	1	0,35	1	0,17	0,35
АС-4	≤ 17	6	1	0,65	6	1	0,65
	> 17	6	1	0,35	6	1	0,35
		I/I_e	U/U_e	L/R[b], мс	I_c/I_e	U_r/U_e	L/R[b], мс
DC-1	Кез-келген мәні	1	1	1	1	1	1
DC-3	Кез-келген мәні	2,5	1	2	2,5	1	2
DC-5	Кез-келген мәні	2,5	1	7,5	2,5	1	7,5

I_e – номиналды жұмыс тоғы, А;
U_e – номиналды жұмыс кернеуі, В;
I – қосылатын ток, А. Айнымалы тоқта қосылу шарты әрекет ететін мәні ретінде өрнектеледі, бірақ тізбектің қуат коэффициентіне сәйкес келетін, ассиметриялық тоқтың жоғарғы мәндері аса жоғары болуы мүмкін;
U – салынған кернеу, В;
U_r – қайталанатын кернеу, В;
I_c – ажыратылатын ток, А.

[a] Қателігі Cos φ: ± 0,05.
[b] Қателігі L/R: ± 15%.

В 3.2 Алынған нәтижелер

Сынаудан кейін түйістіргіш немесе іске қосқыш қоршаған орта температурасында осы стандарттың 9.3.6.2 белгіленген, жұмыс шарттарына жауап беру және тек төмендегілерге салынатын сыналатын кернеудің IEC 60947-1 [тт. 8.3.3.4.1, 4)-тізбелеу] сәйкес салынған, IEC 60947-1 [тт. 8.3.3.4.1, 4) b)-тізбелеу] сәйкес, диэлектрлік сынаудың кернеуіне төзу керек:

- бірге және түйістіргіш немесе іске қосқыш корпусына байланысқан барлық полюстер арасында;

- әрбір полюс пен түйістіргіш немесе іске қосқыш корпусына байланысқан барлық қалған полюстер арасында.

В.3.3 Түйістіргіштер немесе іске қосқыштарды сынау нәтижелерін статикалық талдау

Түйістіргіш немесе іске қосқыш құрылымының электр беріктілігі өндірушімен белгіленеді және берілген сынаудың нәтижелерін статикалық талдау жолымен тексеріледі.

Сынаудың үш тәсілдерінің В.3.3.1, В.3.3.2 және В.3.3.3 біреуі өндірушімен өндірістің көлеміне немесе шартты жылулық тоққа сәйкес, аса сәйкес келетін мысал ретінде таңдалу керек.

Аз мөлшерде дайындалатын, түйістіргіштер немесе іске қосқыштар үшін В.3.3.1 және В.3.3.2 сипатталған сынаулар қолданылмайды. Бірақ, аз мөлшерде дайындалатын және сипаттамаларға елеулі әсер көрсетпейтін, тек бұйымдардың өзгеруімен (яғни, елеусіз модификациялар) ғана базалық құрылымымен ерекшеленетін, түйістіргіштер немесе іске қосқыштарға өндіруші ұқсас құрастырылымдарды пайдалану тәжірибесі, материалдар қасиеттерін талдау т.с.с. негізінде және сол базалық құрылымдағы ірі сериялы аппараттарды сынау нәтижелерін талдау қорытындылары бойынша механикалық беріктілікті тағайындауы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ Сынау әрбір партияны бақылау үшін немесе тұтынушы үшін қабылдау ретінде арналмаған.

8.3.3.1 Жекелеген сынау 8

Сегіз түйістіргіштер немесе іске қосқыштар электр беріктілікке сыналу керек.

Егер тоқтаулар саны екіден аспаса, сынауға төзген, деп саналады.

8.3.3.2 Қосарланған сынау 3

Үш түйістіргіш немесе іске қосқыштарды электр беріктілікке сыналу керек.

Сынауды оң деп санайды, егер тоқтаулар жоқ, және төзбеген, егер тоқтаулар бірден көп болса. Бір тоқтау жағдайында, тағайындалған механикалық беріктілікке үш қосымша түйістіргіштер немесе іске қосқыштарды мәжбүрлейді, және қосымша тоқтаулар жоқ болғанда сынауды төзген, деп санайды. Сынауды қанағатсыз деп санайды, егер екі немесе одан да көп тоқтаулар болса.

8.3.3.3 Басқа тәсілдер

IEC 60410 алынған, басқа тәсілдер де пайдаланылуы мүмкін.

Сапаны максимал бағалау деңгейі 10 % құрау керек. Таңдалған тәсіл сынаулар туралы есепте белгіленуі керек.

ЕСКЕРТПЕ Екі сынаулар: бір сатылы (сегіз түйістіргіштер/ іске қосқыштар) және екі сатылы (үш түйістіргіштер/ іске қосқыштар), IEC 60410 (X-C-2 және X-D-2 кестелерді қараңыз) келтірілген. Сынаулар, іс жүзінде статикалық сипаттамалары бірдей түйістіргіштер немесе іске қосқыштардың шектелген санын сынауға негізделген сияқты таңдалған (сапаның рұқсат етілген деңгейі 10 %).

В.4 Іске қосқыш пен онымен байланысты ҚТҚА қиылысу тоғы бойымен үйлестіру

В.4.1 Жалпы ережелер мен анықтамалар

В.4.1.1 Жалпы ережелер

Бұл қосымша, іске қосқыштар мен ҚТҚА өндірушілерімен көрсетілетін, олардың сәйкесінше уақыт-тоқтық сипаттамалардың қиылысынан I_{co} төмен және жоғары тоқтарда

және 8.2.5.1 сипатталған, сәйкесінше үйлестіру типтерінде, іске қосқыштар мен онымен байланысты ҚТҚА сипаттамаларын тексерудің әртүрлі тәсілдерін белгілейді.

Іске қосқыш пен ҚТҚА арасындағы қиылысу тоғы бойымен үйлестіру В.4.2 бойынша арнайы сынаудың тікелей тәсілімен немесе 2-типті үйлестіру үшін В.4.5 сәйкес жанама тәсілмен тексерілуі мүмкін.

В.4.1.2 Терминдер мен анықтамалар

В.4.1.2.1 Қиылысу тоғы I_{co} (crossover current): Сәйкесінше артық жүктемелі реле мен ҚТҚА уақыт-тоқтық сипаттамаларын көрсететін, орташа немесе жарияланған қисықтардың қиылысу нүктесіне сәйкес келетін, тоқ.

